

"Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 249 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32972 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 9) тармақшасына, 9-4-бабының 1-тармағының 1), 2), 6), 8), 9), 10), 12), 13) тармақшаларына, 19-1-бабының 4, 5, 7-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалар 3-тармағының екінші абзацын, 4, 8, 10, 11, 12, 18, 19, 20, 23, 24, 25-тармақтарын, 32-тармақтың 2) тармақшасын, 33, 34, 41, 42, 43, 44, 53, 54, 89, 90, 95, 96, 97, 98, 100, 101, 111, 112, 116, 120-тармақтарын және Қағидаларға 3-қосымшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі*

А. Саткалиев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 249 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 20 ақпандағы
№ 106 бұйрығымен
бекітілген

Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Кіріспе. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының кезінде электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басқа елдердің энергия өндіруші ұйымдарынан және электр энергиясын жеткізушілерден (өндірушілерден) электр энергиясын сатып алу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығының ішкі субъектілеріне және басқа елдердің тұтынушыларына сату электр энергиясын сату тәртібін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сату болжамды бағаларын, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығы тұтынушылары үшін тарифтерді саралау арқылы атаулы қолдауды жүзеге асыру, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шартты тұтынушылар мен білікті тұтынушылардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағалары мен көлемдерін есептеу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындарды бөлу, электр энергиясының шекті тарифтерге сағаттық мөлшерлемелерін, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушысына сатып алынған электр энергиясы үшін ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия

көздерін пайдаланатын және энергия өндіруші ұйымдардан сатып алынған электр энергиясына ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін айқындау, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясына квотаны айқындау тетігін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге және электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу туралы шарттар жасасу жағдайлары мен тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) атаулы қолдау алушылардың тізімі – электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға жеке бағалар қолданылатын, электр энергиясын кепілдік беретін өнім берушілер болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері енгізілетін табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын тізім;

2) базалық баға – электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын тиісті сағатқа сандық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдау алушылардың тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне сататын баға;

3) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдар әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – 2023жылдың 1 шілдесіне дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері шығаратын электр энергиясын сату-сатып алу шарттарының тарапы болып саналатын уәкілетті органмен бекіткен заңды тұлға;

4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушының шығындары, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындар, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жұмсалған шығындар (кірістерді шегергенде), резервтік қорды қалыптастыруға арналған шығындар және оның қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;

5) майнингтік баға – электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша (сатып алушыларды іріктеу бойынша) айқындалған баға, ол бойынша цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тиісті сағатқа электр энергиясын сатып алады;

6) мәміле бағасы – энергия өндіруші ұйымдарға арналған орталықтандырылған сауда-саттық барысында айқындалған электр энергиясының бағасы, ол бағамен электр

энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі тиісті сағатқа электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына электр энергиясын сатады;

7) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер және сатуға өнімдер беруіне, электр энергиясының өндіру-тұтынудың тәуліктің графигін қалыптастыруға, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, бекітілген тәуліктік графикке жүйелік оператормен келісілген түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыруға, электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін есептеуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағат сайынғы бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағат сайынғы бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

8) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызмет – электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға және көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет;

10) ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілетін қызмет – табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын беру саласына жататын, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісіне жүйелік оператор электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушыларды және тұлғалар тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, олар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыру кезінде көрсететін, ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет;

11) цифрлық майнерлерге арналған орталықтандырылған сауда – орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүргізетін цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері қатысатын электр энергиясының орталықтандырылған саудасы;

12) шартты тұтынушы – өзімен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын көтерме тұтынушы, "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын өнеркәсіптік кешен және басым тұтынушы;

13) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы – электр энергиясын жоспарлы көлемде орталықтандырылған сатып алу және орталықтандырылған сату қызметін жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

14) электр энергиясын сатып алу-сату шарты – электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алуға (сатуға) арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері арасында жасалатын келісім;

15) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің операциялық тәуліктеріне электр энергиясын өндірудің және тұтынудың жоспарлы сағат сайынғы шамаларын көрсететін жүйелік оператор әзірлейтін және бекітетін құжат;

16) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы – жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілері арасындағы электрмен жабдықтау шарттары негізінде жұмыс істейтін өзара қатынастар жүйесі;

17) электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері – электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілмеген энергия беруші ұйымдар;

18) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

19) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

20) электр энергиясының орталықтандырылған саудасы – энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушы арасындағы, сондай-ақ бірыңғай сатып алушы мен цифрлық майнерлер арасындағы орталықтандырылған сауда нарығы операторының

электрондық сауда жүйесінде жүзеге асыратын электр энергиясын сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға бағытталған процесс;

21) энергия өндіруші ұйым – электр және (немесе) жылу энергиясын өз қажеттіліктері және (немесе) Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр және (немесе) жылу энергиясының жеке тұтынушылары мен электр энергиясының нетто-тұтынушылары болып табылатын осындай тұтынушыларды қоспағанда, көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алушыларға, жылу энергиясын тұтынушыларға өткізу үшін өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

22) энергия өндіруші ұйымдарға арналған электр энергиясының орталықтандырылған саудасы – орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүргізетін электр энергиясын сатумен айналысатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері қатысатын электр энергиясының орталықтандырылған саудасы;

Осы Қағидаларда қолданылатын өзге терминдер мен анықтамалар

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Жалпы ережелер

1-параграф. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының жалпы ережелері

3. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы - электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесін білдіреді.

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілері электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асырмайды.

4. Энергия өндіруші ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар және қайталама энергия ресурстарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында (электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне) электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында (электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне) электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

5. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған барлық электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған (сатылған) электр энергиясының көлемі жүйелік

оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатып алу-сатудың жоспарлы көлемі (осы Қағидаларда көзделген түзетулерді ескере отырып) болып табылады.

6. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу (сату) үшін тиісті заңды тұлға алдымен өзінің осы Қағидаларға сәйкес жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

2-параграф. Электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы электр энергиясын сатып алушылары үшін жалпы ережелер

7. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) олармен бір тұлғалар тобына кіретін және (немесе) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан ғана сатып алуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасуға міндетті;

8. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өз тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға жүйелік оператор растаған, Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінен оқшауланған жұмыс салдарынан Қазақстанның энергия өндіруші ұйымдарынан электр энергиясын беруді жүзеге асырудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында электр энергиясын тікелей шетелдік өндіруші атынан өткізетін электр энергиясын берушілерден Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден электр энергиясын сатып алуға жол беріледі.

9. Электр энергиясының мемлекетаралық транзитін жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің ұйымдарын қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар жүйелік оператормен ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

10. Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуды жүзеге асыруға міндетті;

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр энергиясын сатып алуды цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137

бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10550 болып тіркелген) Электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидалары) сәйкес осы Қағидаларға сәйкес электр энергиясының тиісті квотасы шегінде өткізілетін цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жүзеге асырады.

11. Шартты тұтынушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін көлем мен бағалары бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясын бірыңғай сатып алушының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларында айқындалған тәртіппен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) (бұдан әрі – Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидалары), цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынушының жоспарлы көлемдерін, жаңартылатын энергия көздері өндірген олардың құрамына кіретін электр энергиясының көлемдерін, олардың электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын жаңартылатын энергия көздерінен сатып алған электр энергиясының көлемдерін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын көздерден электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарын қоспағанда, республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлеміндегі олардың электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесін ескере отырып сатып алады, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасы энергетика Министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 480 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16241 болып тіркелген) үлгілік нысандар бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шарттарын жасасады. Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын жаңартылатын энергия көздерінен шартты тұтынушылар сатып алатын электр энергиясы ретінде 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясы қабылданады.

12. Энергия беруші ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын беру бойынша қызмет көрсетеді, электр энергиясының технологиялық

шығысын және шаруашылық қажеттіліктерін өтеу үшін электр энергиясын сатып алады.

13. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде энергия беруші ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 210 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10899 болып тіркелген) Электр желілік қағидаларға сәйкес электр энергиясының белгіленген сенімділік нормалары мен сапа стандарттарына сәйкес электр энергиясын беруді жүзеге асырады;

2) электр желісіне қол жеткізу үшін тең жағдайларды қамтамасыз етеді;

3) электр желісін пайдалану әзірлігінде ұстауды және оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

4) электр желісінің тұрақты және сенімді жұмысын, жедел басқару (жүргізу) аймағына кіретін энергетикалық объектілердегі аварияларды болдырмау, оқшаулау және жою жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауды қамтамасыз етеді;

5) жүйелік оператормен бірлесіп, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы және техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес берілетін электр энергиясының сапасын қамтамасыз етеді;

6) келісілген есепке алу нүктелерінде электр энергиясын коммерциялық есепке алуды жүзеге асырады;

7) ҚР БЭЖ-інде электр энергиясын өндіру (тұтыну) режимдерін жедел-диспетчерлік басқару процесінде жүйелік оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

14. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электр желісі компаниясына қызмет көрсетілетін тұтынушылардың электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуін ұсынуды қамтамасыз етеді.

15. Энергиямен жабдықтаушы ұйымда электр энергиясын сатып алуға қолданыстағы шарттар болмаған кезде бөлшек сауда тұтынушылары Заңда белгіленген тәртіппен электр энергиясын кепілдік беретін жеткізушіге беруге тиіс.

16. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызметті жүзеге асыру кезінде:

1) электр энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған электр тұтыну режимдерін сақтайды;

2) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйін қолдайды, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындайды;

3) коммерциялық есепке алу аспаптарының өлшем деректерін жасалған шарттарға сәйкес белгіленген мерзімде ұсынады;

4) жүйелік операторға және өңірлік электр желісі компаниясына электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді ұсынады;

5) диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының, оның ішінде жүйелік оператордың және өңірлік электр желілік компанияның диспетчерлік орталықтарымен байланыс құралдарының, жүйелік оператордың және өңірлік электр желілік компанияның жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешенінің болуын немесе жедел-диспетчерлік өзара іс-қимыл бойынша өкілеттіктерді беру туралы құжаттың болуын басқа диспетчерлік орталыққа қамтамасыз етеді ;

6) өкілетті диспетчерлік орталықпен қосылған телеметриялық ақпаратты жинау және беру жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

3-параграф. Электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы электр энергиясын сатушылар үшін жалпы ережелер

17. Барлық энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана электр энергиясын сатуды жүзеге асыруға міндетті және осы Қағидаларға 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша және (немесе) олармен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға тиісті шарттар жасасады және олармен электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады.

Өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын тұлғалар тобынан тыс сатуды электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте электр энергиясын одан әрі сатусыз өз қажеттіліктері үшін сатып алатын заңды тұлға тұтынушы болып танылады.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарына сәйкес энергия өндіруші ұйым өткізуге мәлімдемеген электр энергиясының көлемі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында сатуға жатпайды.

18. Энергия өндіруші ұйымға:

1) бірыңғай сатып алушы мен осы энергия өндіруші ұйыммен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне, сондай-ақ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын өткізуге (сатуға);

2) келісілген хаттамалар бойынша сағат сайынғы есепке алу деректерін жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің орталық дерекқорына беруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі болмаған кезде электр энергиясын өткізуге (сатуға);

3) осы Заңының 9-4-бабының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электр энергиясын цифрлық майнерлерге өткізуге (сатуға);

4) басқа энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын алуға (сатып алуға) тыйым салынады.

19. Жүйелік операторға қуатты автоматты түрде реттеу бойынша қызметтер көрсететін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатудан шарттық көлемнің (реттеу диапазонының) шамасына босатылады;

20. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шарты бар барлық жаңартылатын көздер электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана сатуды жүзеге асыруға міндетті.

21. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде энергия өндіруші ұйымдар:

1) жүйелік оператормен бірлесіп ҚР БЭЖ-де стандартты жиілікті реттеуді және ұстауды жүзеге асырады;

2) диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының, оның ішінде жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен байланыс құралдарының, жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқару жедел-ақпараттық кешенінің болуын қамтамасыз етеді;

3) жүйелік операторға және өңірлік электр желісі компаниясына электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді ұсынады.

4 параграф. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы үшін жалпы ережелер

22. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан:

электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға, тұтынушыларға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ цифрлық майнерлерге сату үшін бір сағат және (немесе) тәулік бұрын энергия өндіруші ұйымдарда электр энергиясын сатып алады;

2) электр энергиясын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға электр энергиясына шекті тарифтерден жоғары сатады;

3) жауапкершілікті беру шарттары шеңберінде жаңартылатын энергия көздерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алады;

4) жауапкершілікті беру шарты шеңберінде жаңартылатын көздерге теңгерімдеуші электр энергиясын сатады;

5) жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамаға сәйкес, 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты бар, жаңартылған энергия көздерін қоспағанда, үлгілік нысанда уәкілетті орган бекіткен, электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясының жоспарлы көлемін ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты бар жаңартылатын көздермен жауапкершілікті беру шартын жасасады және осы Заңға сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында олардың теңгерім провайдері болады;

6) уәкілетті орган бекіткен типтік нысандар бойынша электр энергиясын тиісті сатып алу-сату шарттарын жасасады;

7) электр энергиясының орталықтандырылған саудасына қатысу шартын жасасады;

8) басқа елдердің электр энергиясын жеткізушілерінен (өндірушілерінен) электр энергиясын сатып алуды (импорттауды) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және осы жеткізушілердің (өндірушілердің) бағалары бойынша жүзеге асырады (қажет болған кезде);

9) электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сатуды (экспорттауды) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады (қажет болған кезде);

10) тарифтерді кезең-кезеңімен өзгертуді жүзеге асыру мүмкіндігі мақсатында тарифтерді саралау арқылы көтерме сауда нарығының тұтынушылары үшін атаулы қолдау көрсетуді Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүзеге асырады;

11) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын жасасады;

12) уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағаларды айқындайды;

13) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге арналған шарттар жасасады (қажет болған кезде) және уәкілетті орган айқындаған жағдайларда және тәртіппен электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлейді;

14) жүйелік оператормен импортталатын электр энергиясын желіге жіберуді техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты жасасады (қажет болған кезде).

23. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатуға тыйым салынады.

24. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жүйелік оператормен ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттары жоқ, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға электр энергиясын өткізуге (сатуға) тыйым салынады.

25. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия өндіруші ұйымдардан, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын ұйымдардан электр энергиясын сатып алуына, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.

3-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу тәртібі

1-параграф. Электр энергиясын сатып алу көлемін мәлімдеу

26. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын операциялық тәуліктерге сатып алу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері (электр энергиясының бірыңғай сатып алушысын, цифрлық майнингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін және электр энергиясын Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын берушілерді қоспағанда) операциялық нарықтың алдындағы тәуліктің сағат 08:00 (Астана уақыты бойынша) теңгерімдеуші нарық жүйесінде оны жүйелік оператор бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір келісімшарттық жеткізуші бойынша жоспарланған сатып алуға өтінім береді және оған электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын және тасқындық электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуы және сатуы қағидаларын, қаржы-есеп айырысу орталығының басым шартты тұтынушыға күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясының тиісті үлесін қайта есептеу және қайта бөлу тәртібіне (бұдан әрі – электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағат сайынғы көлемдері) сәйкес айқындалатын, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан операциялық тәуліктерге сатып алуға міндетті электр энергиясының тиісті сағаттық көлемдері бөлігінде шартты тұтынушылардың сатып алуға өтінімдері операциялық тәуліктердің алдындағы тәуліктерде теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде қалыптастырылады, және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмайды.

Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін сатып алуға өтінімдерді осы субъектілер Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес орталықтандырылған сауда нарығы операторының сауда жүйесінде береді.

Цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша орталықтандырылған сауда нарығының операторы операциялық тәуліктің алдындағы 10:15 сағатқа дейін (Астана уақыты бойынша) цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындыларын теңгерімдеуші нарық жүйесіне автоматты түрде береді. Цифрлық майнингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне цифрлық майнерлер үшін сауда-саттық аяқталғаннан кейін, бірақ операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 11:00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей Қазақстанның шегінен электр энергиясын сатып алуға өтінім береді.

Осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмаған электр энергиясын сатып алуға өтінімдер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде қабылданбайды және электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілмейді.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуға өтінімге қол қоюға (беруге), ол бойынша алдын ала төлем қосындысы жеткіліксіз болған жағдайда қол жеткізуге болмайды.

Жаңартылатын электр энергиясы көздерін пайдаланатын, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар шеңберінде электр энергиясын сатып алу жоспарланған энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды сатып алуға теңгерімдеуші нарық жүйесінде өтінімдер қабылданбайды.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде цифрлық майнингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін, сондай-ақ цифрлық майнерлер үшін электр энергиясы квотасының еркін (сатып алынбаған) көлемі бар сағаттарда Қазақстан Республикасының аумағында тікелей шетелдік өндірушінің атынан цифрлық майнерлерге электр энергиясын өткізетін электр энергиясын жеткізушілерді сатып алуға өтінімдер қабылданбайды. Шартты тұтынушылар болып табылатын, оның ішінде тұлғалар тобына кіретін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген сатып алуға арналған өтінімдердің көлемі, сондай-ақ осы субъектілер электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын тиісті энергия өндіруші ұйымдарды сатуға арналған өтінімдер алдын ала берілген болып табылады және операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 09:00 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) нақтыланады.

27. Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің оның құрамына кіретін электр станциялары есебінен операциялық тәуліктерде жабу жоспарланатын электр энергиясын өз тұтынуы болса, онда электр энергиясын тұтынудың осы көлемі үшін операциялық тәуліктің алдындағы сағат 08:00-де (Астана уақыты бойынша)

электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі операциялық тәуліктерге теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алуға жеке өтінім береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сатып алуға арналған өтінім бойынша жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілгеннен кейін электр энергиясын сатып алу-сату операциялары жүзеге асырылмайды (алдын ала төлем де жүргізілмейді).

28. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін сатып алуға өтінімдер жүйелік оператор жүргізетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигінің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілетін тәуліктік графигіне енгізіледі.

29. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған электр энергиясын сатып алу-сатудың барлық шарттары бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған электр энергиясының көлемі жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың жоспарлы көлемі (осы Қағидаларда көзделген түзетулерді ескере отырып) болып табылады.

30. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыруды, оның ішінде оның техникалық сараптамасын жүргізуді және оны бекітуді жүйелік оператор осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес жүзеге асырады.

31. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес екі және одан да көп операциялық тәулікке алға сатып алуға өтінімдер беруге жол беріледі.

Бұл ретте сатып алуға осы өтінімдер жүйелік оператор қалыптастыратын және бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестелерінде кезекпен қаралатын және ескерілетін болады.

2-параграф. Электр энергиясының сатып алынған көлемдеріне ақы төлеу

32. Электр энергиясының бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған көлемдеріне ақы төлеуді электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі бірінен кейін бірі жүретін 2 (екі) кезеңде жүзеге асырады:

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған тиісті болжамды бағалары бойынша сатып алуға өтінімге сәйкес электр энергиясын сатып алудың мәлімделген көлемі үшін тәуліктік алдын ала төлем (бұдан әрі – алдын ала төлем);

2) есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған нақты базалық бағалары негізінде электр энергиясын

бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін есеп айырысу кезеңі үшін есеп айырысу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі бекітілгеннен кейін есептелген нақты есеп айырысу бойынша ақы төлеу.

33. Алдын ала төлеу шарты электр энергиясының кепілдік беретін жеткізушілері болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне қолданылмайды, олар есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша, факті бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған электр энергиясына ақы төлеуді жүзеге асырады.

34. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс осы кезеңде сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша алдын ала төлеу және нақты есеп айырысу мәселелерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті екі жақты шарттары шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері реттейді.

3-параграф. Электр энергиясын сатып алудың мәлімделген көлемі үшін алдын ала төлем

35. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі (цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін қоспағанда) сатып алуға тиісті өтінім берген кезде операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 08:00 сағатынан (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей алдын ала төлемді жүзеге асырады.

36. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі алдын ала төлемді мынадай формулаға сәйкес айқындалатын көлемде жүзеге асырады:

$$S_{\text{ал.ала т.}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^{24} \left(\Pi_{\text{болж.і}}^{\text{БС(1)}} * W_{\text{өтін(1),і}} \right) + \sum_{i=1}^{24} \left(\Pi_{\text{болж.і}}^{\text{БС(2)}} * W_{\text{өтін(2),і}} \right), \text{ мұнда}$$

$S_{\text{ал.а.төл.}}^{\text{БС}}$

- алдын ала төлеу мәні, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), қосылған құн салығынсыз (бұдан әрі - ҚҚС);

$\Pi_{\text{болж.і}}^{\text{БС(1)}}$, $\Pi_{\text{болж.і}}^{\text{БС(2)}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасының мәні, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы айқындайтын алдағы тәуліктің і-сағатына ҚҚС-сыз теңгемен/

кВт*сағ ;

$W_{\text{өтін.і}}$

- электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті бекітілген тәуліктік графигіне сәйкес алдағы операциялық тәуліктің i - сағатына келетін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын сатып алуының ең аз рұқсат етілген сағат сайынғы көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{өтін(2).і}}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы субъектіні сатып алуға арналған тиісті өтінімге сәйкес (бүтіндей сағатқа дейін дөңгелектенеді) алдағы тәуліктің i -сағатына (осы сағатқа келетін электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемінен тыс) сатып алуды жоспарлап отырған электр энергиясының көлемі кВт*сағ;

$\sum_{i=1}^{24}$ – i бойынша қосынды;

i - 1-ден 24-ке дейін реттік нөмірі;

24

- тәуліктегі сағаттар саны.

$W_{\text{өтін.і}}$

- мәні электр энергиясының шартты тұтынушылары болып табылмайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін нөлге теңестіріледі.

Осы тармаққа сәйкес есептелетін алдын ала төлем көлемі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыру үшін ең аз қажетті (бұдан әрі – ең аз қажетті алдын ала төлемі) болып табылады: қажет болған жағдайда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін резервпен салыстырмалы түрде көп көлемде алдын ала төлемді келесі тәуліктерге енгізуге жол беріледі.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының есеп айырысу кезеңінің сағаттарына (әрбір сағатқа) электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағалары теңгерімдеуші нарық жүйесінде ай сайын есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы айдың соңғы күніне дейін жарияланады.

Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі операциялық тәуліктердің алдындағы тәуліктің 08 :00 сағатынан (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей алдын ала төлем енгізеді. Алдын ала төлем көлемін осы субъект электр энергиясын сатып алудың жоспарланған

көлеміне және осы көлемдерді сатып алудың ол үшін барынша рұқсат етілген бағасына сүйене отырып дербес айқындайды. Алдын ала төлемнің осы көлемі цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының тиісті орталықтандырылған сауда-саттығында ескеріледі.

37. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан) сатып алуға өтінім берген кезде онда мәлімделген электр энергиясын сатып алу көлемін және ол бойынша енгізілген алдын ала төлемді автоматты түрде салыстырып тексеру жүргізіледі. Алдын ала төлем сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сатып алуға өтінімді теңгерімдеуші нарық жүйесі қабылдамайды.

Егер енгізілген алдын ала төлемнің көлемі ең төменгі қажетті алдын ала төлемнен аз болған жағдайда, сатып алуға өтінім онда көрсетілген электр энергиясының сағаттық көлемінің жиынтық мәнін азайту жағына қарай өзгертілуге тиіс.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген өзгерісті теңгерімдеуші нарық жүйесінде сатып алуға осы өтінімді берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі операциялық тәуліктің алдындағы сағат 08:00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей жүзеге асырады.

Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі операциялық тәуліктің алдындағы сағат 08:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асырмаған жағдайда, теңгерімдеуші нарық жүйесі сатып алуға тиісті өтінімді қабылдамайды және осы өтінім теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілмеген болып есептеледі.

38. Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі операциялық тәулікке сатып алуға өтінімнен басқа операциялық тәуліктің алдындағы тәулік ішінде, сондай-ақ сатып алуға бір немесе бірден бірнеше операциялық тәулікке өтінім берген жағдайда, алдын ала төлем сатып алуға арналған осы барлық өтінімдер бойынша бірден жүзеге асырылады. Алдын ала төлем сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сатып алуға өтінімді теңгерімдеуші нарық жүйесі қабылдамайды.

Бұл ретте, сатып алуға әрбір осындай өтінім үшін оны беру кезінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде онда мәлімделген электр энергиясын сатып алу көлемін және ол бойынша енгізілген алдын ала төлемді автоматты түрде салыстырып тексеру жүргізіледі және егер ол бойынша енгізілген алдын ала төлем ең төменгі қажетті алдын ала төлемнен аз болса, оны берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының тиісті субъектісі кейіннен берген өтінімді тиісті өзгерту жүргізеді.

Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген іс-қимылды уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда, теңгерімдеуші нарық жүйесі сатып алуға тиісті өтінімді қабылдамайды және осы өтінім теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілмеген болып есептеледі.

Осы тармаққа сәйкес берілген сатып алуға өтінімді олар берілген тәуліктің алдындағы тәуліктің 08:00 сағаты (Астана уақыты бойынша) басталғанға дейін оны

берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі қажет болған кезде теңгерімдеуші нарық жүйесінде өзектендіреді (жаңартады). Бұл ретте, осы өзектендіру ол бойынша енгізілген алдын ала төлем сомасы шегінде жүзеге асырылады.

39. Алдын ала төлем электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға оның есеп айырысу банк шотына жүзеге асырылады.

Шотты ашуға, жүргізуге және оған қызмет көрсетуге байланысты шығындар электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісіне (банк шотының иесіне) жүктеледі.

40. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы тәулік сайын, операциялық күннің алдындағы тәуліктің 09:15 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізгенге дейін орталықтандырылған сауда нарығының операторына электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері енгізгеналдын ала төлем көлемі туралы ақпарат жібереді.

4-параграф. Есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы кезеңнің сағатына сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін нақты есеп айырысу

41. Осы кезеңнің сағаттарына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша нақты есеп айырысу электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты сағаттық бағалары негізінде жүзеге асырылады.

42. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) нақты сағатына сатқан нақты баға қарастырылып отырған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісіне байланысты мынадай түрде айқындалады:

1) шартты тұтынушы үшін (сатып алуға өтінімнің рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемі бөлігінде) – осы сағатқа жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің нақты мәніне теңестіріледі, ол Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына (бұдан әрі – Қолдау тарифін айқындау қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) сәйкес айқындалады;

2) шартты тұтынушы үшін (сатып алуға өтінімнің ең аз рұқсат етілген сағаттықкөлемінен артық электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың сағаттық көлемі бөлігінде) – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалатын осы сағаттың жеткілікті бағасының нақты мәніне теңестіріледі;

3) цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін – осы субъектінің осы сағатына арналған майнингтік бағаның мәніне теңестіріледі;

4) атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін – атаулы қолдауды алушылар тізімінде осы субъект үшін осы сағатқа көрсетілген электр энергиясын сатып алу бағасына теңестіріледі;

5) электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық қалған субъектілері үшін – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалатын осы сағаттың базалық бағасының нақты мәніне теңестіріледі.

43. Есеп айырысу кезеңі үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің осы кезеңге өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына ақы төлеу көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{нақты сат.ал.}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^{N_{\text{ай}}} (\text{Ц}_{\text{нақты.і}}^{\text{БС}} * W_{\text{сат.ал.і}}) + \sum_{i=1}^{N_{\text{ай}}} (\text{Ц}_{\text{нақт.і}}^{\text{БС}} * W_{\text{сат.ал.(2).і}}), \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{нақты сат.ал.}}^{\text{БС}}$

- есеп айырысу кезеңі үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің осы кезеңнің сағатына өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына төленетін ақының нақты көлемі ҚҚС-сыз теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді)

$\text{Ц}_{\text{нақты.і}}^{\text{БС}}$

- осы Қағидалардың 364-тармағына сәйкес айқындалатын есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) і-сағатына электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты бағасы теңгемен/кВт сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{сат.ал.і}}$

- осы сағатқа сәйкес келетін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісін сатып алуға арналған өтінімнің рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{сат.ал.(2).і}}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) осы сағатқа

сәйкес келетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті бекітілген тәуліктік графигіне сәйкес айқындалатын осы субъектінің сатып алуға өтінімнің ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемінен тыс есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) i -сағатында сатып алған электр энергиясы көлемінің мәні ай), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^{N_{\text{ай}}} \dots$ – i бойынша қосынды;

$i - 1$ – ден $N_{\text{ай}}$ дейін өзгертін реттік нөмірі;

$N_{\text{ай}}$

- тиісті есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік айда) сағат санын көрсететін өлшеусіз коэффициент.

$W_{\text{сатып алу } i}$

– мәні электр энергиясының шартты тұтынушылары болып табылмайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін нөлге теңестіріледі.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына электр энергиясын сатуға арналған нақты бағалары теңгерімдеуші нарық жүйесінде есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың 20 (жиырма) күнінен кешіктірілмей жарияланады.

44. Егер есеп айырысу кезеңі үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің осы кезеңнің сағатына өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына ақы төлеу көлемі нақты болған жағдайда (

$S_{\text{нақты сат.алу}}^{\text{БС}}$

), есеп айырысу кезеңінде электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің тиісті алдын ала төлемінің мәнінен артық болады (күнтізбелік ай), онда

$S_{\text{нақты сат.алу}}^{\text{БС}}$

мәндерінің осы айырмашылығын және ақша қаражаты түріндегі алдын ала төлемді осы субъект электр энергиясын бірыңғай сатып алушының банк шотына есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың соңына дейін енгізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген айырмаға ақы төленбеген жағдайда, есепті айдан кейінгі айдың соңына дейін осы айырманың қосындысы қолда бар алдын ала төлем есебінен өтеледі.

Егер есеп айырысу кезеңі үшін (күнтізбелік ай) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің осы кезеңде өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін электр

энергиясын бірыңғай сатып алушының атына ақы төлеу көлемі нақты болған жағдайда

(

$S_{\text{нақты сат.а}}^{\text{БС}}$

), есеп айырысу кезеңінде электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің тиісті алдын ала төлемінің мәнінен аз болады (күнтізбелік ай), онда (

$S_{\text{нақты сат.алу}}^{\text{БС}}$

)мәндерінің осы айырмашылығы және осы есеп айырысу кезең үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің артық төлемі ретінде алдын ала қабылданады (күнтізбелік ай), ол электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің қалауы бойынша оған кері қайтарылады не келесі тәулікке алдын ала төлемнің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылады.

5-параграф. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басқа елдердің электр энергиясын берушілерден (өндірушілерден) электр энергиясын сатып алу тәртібі (импорт)

45. Бірыңғай сатып алушының тауар алмасуды қамтамасыз ету мақсатында үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін басқа елдердің электр энергиясын жеткізушілерінен (өндірушілерінен) электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алуы осы Қағидалардың 81-тармағының 4) тармақшасына сәйкес басым генерацияны тәуліктік графикке енгізу арқылы басым түрде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген басқа елдердің электр энергиясын берушілері (өндірушілері) (импорты), сондай-ақ осы өнім берушілердің (өндірушілердің) сатып алу көлемі мен бағалары тиісті үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерде (хаттамаларда) айқындалады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын басқа елдердің электр энергиясын берушілерінен (өндірушілерінен) осы Қағидалардың 84-тармағына сәйкес айқындалатын көлемде сатып алуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген басқа елдердің электр энергиясын берушілері (өндірушілері) (импорты), оның ішінде жеткізу (импорт) талаптарын үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерде (хаттамаларда) және (немесе) уәкілетті орган айқындайды.

4-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сату тәртібі

1-параграф. Электр энергиясын сату көлемін мәлімдеу

46. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын алдағы тәуліктерге сату үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері ағымдағы тәуліктерде сағат 08:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) жүйелік операторға оны жүйелік оператордың электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік

графигіне енгізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы тәуліктерге сатуға өтінім жібереді, бұл ретте:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржылық есеп-айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес сатуға бір өтінім жібереді, онда электр энергиясын сатудың операциялық тәуліктерге арналған көлемі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға көрсетіледі (электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығынан тыс (сатушыларды іріктеу бойынша), алдағы тәуліктерде желіге электр энергиясын жоспарлы жіберудің толық сағаттық көлеміне тең (өзінің тұтынуын шегергенде));

2) электр энергиясы тиісті қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйым электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі сатуға бір өтінім жібереді, онда электр энергиясын сатып алушыға электр энергиясын сатудың операциялық тәуліктерге арналған көлемін көрсетеді (энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығынан тыс мәні бойынша операциялық тәуліктерде электр энергиясын желіге жоспарлы жіберудің толық сағаттық көлеміне тең (өз тұтынуын шегергенде));

3) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым сатуға жеке өтінім жібереді, онда қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын генерациялаушы қондырғылар есебінен (энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығынан тыс сату көлемі) және энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына операциялық тәулікке сатуға жоспарланатын электр энергиясының сағаттық көлемдерін құру жоспарланған, электр энергиясын операциялық тәулікке сату көлемі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға алдағы тәулікте электр энергиясын желіге жоспарлы босатудың сағаттық көлемінің қосындысына тең көрсетіледі.

4) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында ұзақ мерзімді шарттар жасаспаған қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын, жылу электр орталықтары кірмейтін және тұлғалар тобына кірмейтін, сатуға бір өтінім беретін, онда энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын

бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемін көрсететін энергия өндіруші ұйымдар;

5) электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сату ниеті кезінде – тұлғалар тобына кіретін және өз құрамында қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары жоқ энергия өндіруші ұйым, сатуға жеке өтінім береді, онда энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемін көрсетеді және сол тұлғалар тобына кіретін электр энергиясының көтерме сауда нарығының басқа субъектісіне операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемін көрсететін сатуға арналған өтінімді (осындай бірнеше субъектіге сату кезінде сатуға өтінім олардың әрқайсысы бойынша жеке беріледі) жеке ұсынады.

6) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты жоқ энергия өндіруші ұйым, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс, электр энергиясының көтерме сауда нарығының басқа субъектісіне операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемін көрсететін сатуға жеке өтінім береді (осындай бірнеше субъектіге сату кезінде сатуға өтінім олардың әрқайсысы бойынша жеке беріледі);

7) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) энергия өндіруші ұйым және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі ұзақ мерзімді шарты жоқ, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес сатуға жеке өтінім береді, онда электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сату ниеті кезінде - электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған саудасында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемін көрсетеді (осы тармақшада көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын тиісті энергия өндіруші ұйым өзінің электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілуін қамтамасыз етеді).

Осы тармаққа сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген сатып алуға өтінімдердің көлемі алдын ала берілген болып табылады: олар осы субъектілер қатысуды жоспарлайтын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері, электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемін айқындау, сондай-ақ Жүйелік оператор жүргізген электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигінің іске

асырылуының техникалық сараптамасы ескеріле отырып өзектендіріледі (нақтыланады).

Сатуға өтінімдерге электрондық цифрлық қолтаңба қойылады. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмаған сатуға өтінімдер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде қабылданбайды және электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілмейді.

47. Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің құрамына кіретін электр станцияларын генерациялау операциялық тәуліктерде электр энергиясын толық немесе ішінара жабу үшін операциялық тәуліктерде толық немесе ішінара пайдалану жоспарланса, онда операциялық тәуліктің сағат 08:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі өзінің генерациясының (электр энергиясын өз тұтынуына сәйкес) осы көлемдері үшін жүйелік операторға операциялық тәуліктерге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатуға жеке өтінім жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сатуға өтінім бойынша жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілгеннен кейін электр энергиясын сатып алу-сату операциялары жүзеге асырылмайды.

48. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықта бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланған , сатуға арналған тиісті өтінімдерде мәлімделген электр энергиясының көлемі электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге өткізуге қойылған (ұсынылған) электр энергиясының көлемі болып табылады.

49. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен сатуға өтінімдер жүйелік оператор жүргізген электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигінің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік графигіне енгізіледі.

50. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған электр энергиясын сатып алу-сатудың барлық шарттары бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатылған электр энергиясының көлемі жүйелік оператор бекіткен (осы Қағидаларда көзделген түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатудың жоспарлы көлемі болып табылады.

51. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыруды, оның ішінде оның техникалық сараптамасын жүргізуді және оны бекітуді жүйелік оператор осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

2-параграф. Электр энергиясының сатылған көлеміне ақы төлеу

52. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатқан электр энергиясына ақы төлеуді электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигін бекіткеннен кейін тәулік сайын, бірақ операциялық тәуліктің (Астана уақыты бойынша) сағат 12:00-ден кешіктірмей, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатуға электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің алдағы тәуліктер үшін айқындаған сағаттық бағалары негізінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің күші 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартын жасасқан жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қолданылмайды.

53. Осы Қағидалардың 52-тармағында көрсетілген төлемнің жарты бөлігі мынадай құрауыштардың қосындысына тең:

1) кепілдік беретін жеткізушілер болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын сатып алуының тәуліктік көлемінің құнына,

2) электр энергиясын кепілдік беретін жеткізушілер болып табылмайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне алдын ала төлем көлемінің және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының осы субъектілер үшін электр энергиясын сатып алуға арналған тәуліктік шығыстарының айырмашылығына байланысты бірыңғай сатып алушының кірістері мен шығыстарының тәуліктік көлемдері айырмасының модулі (егер көрсетілген айырма оң болса, бұл құраушы нөлге тең (нөлден артық), электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері тәулік сайын алмайды, бұл ретте алмау пропорциясы аталған барлық субъектілерде бірдей болады.

Осы тармақта көрсетілген төлемді электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша есептік кезеңнен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың аяғына дейін, жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) өндіру-тұтынудың тәуліктік графиктерінің түзетулерін ескере отырып, есепайырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) барлық тәуліктері үшін жиынтық түрде жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген төлемді электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша есептік кезеңнен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың 45 (қырық бес) күнтізбелік күні ішінде жүйелік оператор бекіткен электр энергиясының тәуліктік өндіріс-тұтыну кестелерін, есептік

кезеңге (күнтізбелік айға) жататын түзетулерін ескере отырып есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) барлық тәуліктері үшін жиынтық түрде жүзеге асырады.

Бірыңғай электр энергиясын сатып алушыда импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған шарттар болған кезде осы тармақтың ережелері электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шарттарында көзделген төлем талаптарын ескере отырып, электр энергиясының көтерме сауда нарығының тиісті субъектілеріне қолданылады.

54. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері операциялық тәуліктерге сатқан электр энергиясына ақы төлеу мәселелерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті екі жақты шарттары шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері реттейді.

55. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға алдағы тәуліктің нақты сағатына сату бағасы мынадай түрде айқындалады:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым немесе электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес - осы шарттың бағасына теңестіріледі;

2) жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін электр энергиясы қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын тиісті тұлғалар тобының шеңберінде тұтынылады – осы ұйымның электр энергиясына арналған шекті тарифке теңестіріледі, осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтіледі;

3) энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін оның электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге арналған электр энергиясын сату көлемдері бөлігінде қуаты Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар есебінен құру жоспарланатын (электр энергиясын өндіру үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығынан тыс – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген осы ұйымның электр энергиясының шекті тарифіне теңестіріледі;

4) энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін электр энергиясының орталықтандырылған

сауда-саттығында (сатушыларды іріктеу бойынша) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге оның электр энергиясын сату көлемі бөлігінде – осы субъектіге сәйкес келетін осы сағатқа клирингтік бағаға теңестіріледі.

56. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің атына электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына алдағы тәуліктерге электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі сатқан электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына ақы төлеу көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сатыл.}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^{24} (C_{\text{сатыл.}i}^{\text{БС}} * W_{\text{сатыл.}i}), \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{сатыл.}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің атына электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі операциялық тәуліктерге электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясы үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының ақы төлеу көлемі ҚҚС-сыз теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$C_{\text{сатыл.}i}^{\text{БС}}$

- осы Қағидалардың 55-тармағына сәйкес айқындалатын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің алдағы тәуліктің i -сағатына бағасы теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{сатыл.}i}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі тәуліктің бірыңғай сатып алушысына сатқан электр энергиясы көлемінің осы сағат жататын тиісті жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне (түзетулерді ескере отырып) сәйкес анықталатын мәні кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді));

$\sum_{i=1}^{24}$ – i бойынша қосынды ;

i - 1-ден 24-ке дейін өзгертін, реттік нөмір;

24

- тәуліктегі сағат саны.

57. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің атына электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына операциялық тәуліктерге электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына сатылған электр энергиясы үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ақы төлеу электр энергиясын бірыңғай сатып алушының осы субъектінің есеп айырысу банк шотына ақша қаражатының тиісті көлемін аударуы арқылы жүзеге асырылады.

58. Банк шотын ашуға, жүргізуге және оған қызмет көрсетуге байланысты шығындар электр энергиясының көтерме сауда нарығының тиісті субъектісіне жүктеледі.

5-тарау. Электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру және бекіту

1-параграф. Электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру және бекіту бойынша жалпы ережелер

59. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигінен және электр энергиясын өндірудің тәуліктік графигінен тұрады.

60. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыруды және бекітуді теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі жүйелік оператор сатып алуға өтінімдер негізінде және теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілген сатуға арналған өтінімдер, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері және шартты тұтынушылар үшін электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемін айқындау негізінде жүзеге асырады.

61. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі операциялық тәулікке тәуліктің операциялық тәуліктің 16:00 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) тәулік сайын қалыптастырылады және бекітіледі.

62. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде жүйелік оператор сатып алуға өтінімдерге және сатуға өтінімдердің іске асырылуына техникалық сараптамалар жүргізеді.

63. Электр энергиясын генерациялаудың және тұтынудың меншікті көлемдері үшін берілетін сатып алуға өтінімдер және оларға сәйкес келетін сатуға өтінімдер, сондай-ақ электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың екі жақты шарттары шеңберінде берілетін сатуға өтінімдер оларды электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде беру (түзету) процесінде оларда көрсетілген сатып алу көлемдері мен көлемдерін автоматты түрде салыстырып тексеруден өтеді.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген көлемдер бір-біріне тең болмаған жағдайда, онда үлкен көлемді өтінім жоғарыда көрсетілген екі мәннен аз мәнмен теңгерімдеуші нарық жүйесімен (теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілген деп есептеледі) қабылданады.

64. Жүйелік оператор операциялық тәуліктің алдындағы тәулік басталғанға дейін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін операциялық тәуліктерге арналған электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру және бекіту кезінде жүйелік оператор ескеретін операциялық тәуліктерде күтілетін электр беру желілерін жоспарлы жөндеу туралы хабардар етеді.

65. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын, электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жүйелік оператор бекіткен түзету бойынша тек ұлғайтуға (жоғары) ғана жол беріледі, ол осы Қағидалармен айқындалатын тәртіппен белгіленген тәуліктік электр энергиясын өндіру-тұтыну графигінде электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімі сақталған жағдайда электр энергиясын нақты өндіру-тұтынудың тиісті сағатына дейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей жүзеге асырылады.

66. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде жүйелік оператор ескеретін басым генерация туралы өзекті ақпараттың болуын қамтамасыз етеді.

67. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастырудың барлық кезеңдерінде жүйелік оператор сатуға өтінімдердің және сатып алуға өтінімдердің іске асырылуына мынадай міндетті шарттарды (бұдан әрі – қалыпты шарттар) бір мезгілде орындау мәніне техникалық сараптама жүргізеді:

1) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигі мен электр энергиясын өндірудің тәуліктік кестесі арасындағы теңгерімді (теңдікті) сақтау;

2) ҚР БЭЖ электр беру желілері бойынша ағындарды жол берілетін шектерде сақтау, ҚР БЭЖ тұрақтылығын сақтау, БЭЖ тораптарында генерациялаудың жоспарлы көлемдері (сатуға арналған өтінімдерге сәйкес) (бұдан әрі – қалыпты шарттар), ҚР БЭЖ-дегі және шектес энергия жүйелеріндегі алдағы тәуліктердегі схемалық-режимдік жағдайды ескере отырып, ҚР БЭЖ-інің тұрақтылығын сақтау,

68. Егер электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне жүргізілген техникалық сараптаманың нәтижелері бойынша алдағы тәуліктің бір немесе бірнеше сағатында қалыпты жағдайлар орындалмаған жағдайда, жүйелік оператор алдағы тәуліктің осы сағаттарына үшін өзгерістердің себептерін көрсете отырып, қалыпты

шарттарды орындау үшін қажетті көлемдерде (сағаттық) қалыпты шарттар орындалмайтын сатып алуға және сатуға берілген өтінімдерге (сағаттық) өзгерістер енгізеді.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде ҚР БЭЖ-інің бір аймағына (бір торабына) жататын сатып алуға өтінімдер өзгерген жағдайда, сатып алуға өтінімнің барлық деректері өзгерістердің себебін көрсете отырып, бірдей пропорцияда өзгереді.

2-параграф. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру

69. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигі электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің операциялық тәуліктерінде электр энергиясын тұтынудың бірлескен тәуліктік графигін, сондай-ақ қажет болған кезде электр энергиясын бірыңғай сатып алушының үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін басқа елдердің тұтынушыларына электр энергиясын сатуға (экспортқа) өтінімін білдіреді.

70. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигі электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген сатып алуға өтінімдер шеңберінде мәлімделген электр энергиясын сатып алудың (тұтынудың) жоспарлы көлемдері, сондай-ақ үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сату (экспорт) қажет болған жағдайда электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өтінімі негізінде осы Қағидаларға сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде қалыптастырылады.

Бұл ретте тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сату (экспорт) мақсатында бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алуына өтінім тұтынудың тәуліктік графигіне басымдықпен енгізіледі.

71. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, цифрлық майингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін және электр энергиясын Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын берушілерді қоспағанда) сатып алуға өтінімдер теңгерімдеуші нарық жүйесінде операциялық тәуліктің алдындағы сағат 08:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) қабылданады. Цифрлық майингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің және Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын жеткізушілердің өтінімдері операциялық тәуліктің алдындағы сағат 11:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) теңгерімдеуші нарық жүйесінде қабылданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кейін берілген сатып алуға өтінімдер (не мүлдем берілмеген), берілмеген өтінімдер мәртебесін иемдене отырып ағымдағы тәулікте жүйелік оператордың қарауына қабылданбайды, және электр энергиясының көтерме сауда нарығының тиісті субъектілері үшін электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемдері электр энергиясын сатып алудың жоспарлы көлемі операциялық тәуліктерде нөлге теңестіріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кейін теңгерімдеуші нарық жүйесінде операциялық тәуліктерге берілген сатып алу өтінімдері оларды берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері тарапынан түзетуге жатпайды.

72. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигі жүйелік операторда мынадай реттілікпен қалыптастырылады:

1) операциялық тәуліктің әрбір сағаты үшін цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген сатып алуға өтінімдерде көрсетілген электр энергиясын сатып алудың (тұтынудың) жоспарлы көлемінің осы сағатқа сәйкес келетін сомасын есептейді;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған сағаттық сомаларға цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін айқындалған электр энергиясын сатып алудың тиісті жоспарлы сағаттық көлемдері цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының тиісті орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша (орталықтандырылған сауда нарығы операторының тиісті ақпаратына сәйкес) қосылады ;

3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес айқындалған сағаттық қосындыларға электр энергиясын, цифрлық майнингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын жеткізушілерді сатып алудың тиісті жоспарлы сағаттық көлемдері қосылады.

73. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына арналған көлемді (бұдан әрі – квоталар) жүйелік оператор айқындайды.

74. Операциялық тәуліктерге арналған квотаның көлемі автоматты түрде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде Батыс аймақ және Солтүстік пен Оңтүстік аймақтары бойынша бөлек операциялық тәуліктің әрбір сағатына мынадай реттілікпен есептеледі:

1) операциялық тәуліктің әрбір сағаты үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген бірыңғай сатып алушыға сатуға өтінімдерде

көрсетілген электр энергиясын сатудың (өндірудің) жоспарлы көлемінің осы сағатқа сәйкес келетін қосындысы есептеледі;

2) операциялық тәуліктің әрбір сағаты үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген бірыңғай сатып алушыдан сатып алуға арналған өтінімдерде көрсетілген электр энергиясын сатып алудың (тұтынудың) осы сағатқа сәйкес жоспарлы көлемдерінің қосындысы есептеледі;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалған сағаттық қосындылардың айырмасы есептеледі. Осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес есептелген айырманың оң мәндері операциялық тәулікке арналған жоспарлы сағаттық квоталарға айналады.

75. Есептелген квотаның мәндері цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүргізу үшін операциялық тәуліктің алдындағы сағат 09:15-ке дейін (Астана уақыты бойынша) орталықтандырылған сауда нарығы операторының сауда жүйесіне беріледі.

76. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындыларын, сондай-ақ операциялық тәуліктің әрбір сағаты бойынша сатылмаған квотаның көлемі туралы ақпаратты электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 10:15 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) енгізу үшін орталықтандырылған сауда нарығының операторы теңгерімдеуші нарық жүйесіне жібереді.

Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің өтінімдері бойынша алдын ала төлем Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес орталықтандырылған сауда нарығы операторының сауда жүйесінде тексеріледі және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде тексеруге жатпайды.

3-параграф. Электр энергиясын өндірудің тәуліктік графигін қалыптастыру

77. Электр энергиясын өндірудің тәуліктік графигі электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің операциялық тәуліктерде электр энергиясын өндірудің біріктірілген тәуліктік графигін білдіреді.

78. Электр энергиясын өндірудің тәуліктік графигі электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері осы Қағидаларға сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде берген, сатуға арналған өтінімдер шеңберінде мәлімделген электр энергиясын сатудың (өндірудің) жоспарлы көлемдері негізінде қалыптастырылады.

79. Теңгерімдеуші нарықтың жүйесінде электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін сатуға өтінімдерді алдыңғы операциялық тәуліктің сағат 08:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кейін берілген (не мүлдем берілмеген) сатуға өтінімдерді жүйелік оператор берілмеген өтінімдер мәртебесін ала

отырып, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде қарауға қабылдамайды және электр энергиясының көтерме сауда нарығының тиісті субъектілері үшін электр энергиясын меншікті генерациялаудың жоспарлы көлемдерін (электр энергиясын меншікті тұтынуды жабу үшін) және электр энергиясын сатудың жоспарлы көлемі операциялық тәуліктерде нөлге теңестіріледі.

80. Жүйелік оператор осы Қағидалардың 81-85-тармақтарына сәйкес электр энергиясын өндірудің тәуліктік графигін қалыптастырады.

81. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде (операциялық тәуліктің әрбір сағаты бойынша бөлек) (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан басым генерациялау туралы тиісті ақпаратты ескере отырып) электр энергиясын сатудың (өндірудің) мынадай көлемдерінің қосындысын білдіреді:

1) сатуға арналған тиісті өтінімдерде осы субъектілер мәлімдеген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің (электр энергиясын өз тұтынуына сәйкес келетін) меншікті генерациялаудың жоспарлы сағаттық көлемдері;

2) тұлғалар тобына кіретін және өз құрамында қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары жоқ энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін арналған өтінімдерде мәлімделген электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемдері (бұл тармақша сол тұлғалар тобына кіретін электр энергиясының көтерме сауда нарығы басқа субъектілерінің атына электр энергиясын сату көлемі көрсетілетін сатуға өтінімдерге қатысты);

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды сатуға арналған өтінімдерде мәлімделген электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемі (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын сатып алу-сатудың электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған ұзақ мерзімді шарты жоқ (осы тармақша электр энергиясын сатып алу-сатудың екі жақты шарттары жасалған (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің атына электр энергиясын сату көлемі көрсетілетін сатуға өтінімдерге қатысты);

4) жүйелік оператор шетелдік электр энергиясын берушілер атынан қалыптастырған сатуға өтінімдерде көрсетілген электр энергиясы импортының жоспарлы сағаттық көлемдері (цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының импортына ғана қатысты);

5) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) энергия өндіруші ұйымдардың жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар сатуға өтінімдерде мәлімделген электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемдері;

6) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) энергия өндіруші ұйымдарды сатуға өтінімдерде мәлімделген электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемдері;

7) электр энергиясы тиісті қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдардың сатуға өтінімдерде мәлімделген электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемдері;

8) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан, электр қуаты нарығында энергия өндіруші ұйымдардың сатуға өтінімдерде мәлімделген электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемдері (осы тармақша қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын, генерациялайтын қондырғылар есебінен құру жоспарланатын электр энергиясын сату көлемі көрсетілетін сатуға өтінімдерге қатысты);

9) Заңның 15-2, 15-3, 15-4, 15-6, 15-8, 15-9-баптарына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығымен бекітілген Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12489 болып тіркелген) сәйкес энергия өндіруші ұйымдар үшін тәулік бойы генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттаудан өтетін энергия өндіруші ұйымдарды сатуға өтініштерде мәлімделген электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының жоспарлы сағаттық көлемі (электр энергиясының деректеріне сағаттық мөлшерлемелер қолданылмайды).

82. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде автоматты режимде электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигі мен басым генерациялаудың тәуліктік графигінің сағаттық мәндерінің айырмашылығы есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес есептелген айырманың оң мәндері операциялық тәуліктер үшін энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының жоспарлы сағаттық көлеміне айналады (теріс мәндері нөлге теңестіріледі), олар туралы ақпаратты (бұдан әрі – сауда-саттыққа арналған ақпарат) жүйелік оператор операциялық тәуліктің алдындағы сағат 11:10-ға дейін (Астана уақыты бойынша) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүргізу үшін орталықтандырылған сауда нарығының операторына береді.

Жүйелік оператор сағат операциялық тәулік алдындағы сағат 11:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) басым генерациялау көлемін шегергенде, энергия өндіруші ұйымдардың сатуға өтінімін орталықтандырылған сауда нарығы операторына жібереді.

Жүйелік оператор операциялық тәуліктің алдындағы сағат 11:10-ға дейін (Астана уақыты бойынша) ҚР БЭЖ және оның бөліктерінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету шарттары бойынша электр желілерін сатып алуға қолда бар өтінімдер мен сатуға өтінімдер және қолда бар техникалық шектеулер негізінде орталықтандырылған сауда нарығының операторына электр энергиясын сатудың ең аз және барынша рұқсат етілген көлемдерінің (әрбір энергия тораптары бойынша) операциялық тәуліктерде қолжетімді сағат сайынғы мәндері туралы ақпарат жібереді.

83. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелерін орталықтандырылған сауда нарығының операторы операциялық тәуліктің алдындағы сағат 12:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жүйесіне береді.

84. Орталықтандырылған сауда-саттықтың нәтижелері туралы ақпаратты алғаннан кейін Жүйелік оператор тәуліктік графикке техникалық сараптама жүргізеді және электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигінің сағат сайынғы айырмасы және басым генерацияның тәуліктік графигінің сағаттық сайынғы көлемінің және энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған электр энергиясының сағат сайынғы көлемінің сомасы ретінде есептелген Қазақстанның шегінен тыс электр энергиясы импортының қажетті көлемін айқындайды.

Жүйелік оператор импорт көлемін есептеу кезінде электр беру желілерінің операциялық тәуліктерде қолжетімді өткізу қабілетін ескере отырып, оларды жабудың сағат сайынғы техникалық мүмкіндігін де ескереді.

Операциялық тәуліктердегі электр энергиясы импортының қажетті сағат сайынғы жоспарлы көлемі туралы ақпаратты жүйелік оператор операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 12:30-ға дейін (Астана уақыты бойынша) импорттық электр энергиясын тиісті сатып алуды жүзеге асыру үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жібереді.

Электр энергиясының осы көлемін сатып алуға өтінім теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде құрылады және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмайды.

85. Шетелдік өнім беруші растаған (электр энергиясын бірыңғай сатып алушы операциялық тәуліктерге сатып алған) электр энергиясы импортының сағат сайынғы көлемдерін жүйелік оператор энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған электр энергиясының тәуліктік

генерациясының тәуліктік кестесінің сағаттық көлемдерінің және сағат сайынғы көлемдерінің қосындысына қосады және өндірістің тәуліктік графигін қалыптастырады

4-параграф. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру және оны бекіту

86. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін және электр энергиясын өндірудің тәуліктік графигін қалыптастыру аяқталғаннан кейін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигінің теңгерімділігін (импорт көлемінің жеткіліктілігін) автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Егер операциялық тәуліктерге сатып алынған электр энергиясы импортының сағат сайынғы көлемі операциялық тәуліктің бір немесе бірнеше сағатында жүйелік оператор есептеген электр энергиясы импортының сағаттық көлемінің мәнінен аз болған жағдайда, операциялық тәуліктердің осы сағаттары үшін теңгерімдеуші нарық жүйесі тиісті сағаттар бойынша бірдей пропорциядағы сатып алуға арналған барлық тиісті өтінімдерге автоматты түрде тиісті өзгерістер (азаю жағына қарай) енгізеді.

87. Осы Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген өзгерістер енгізілгеннен кейін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру аяқталады және жүйелік оператор оны бекітеді.

88. Жүйелік операторға сатып алуға және сатуға өтінімдер берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ электр энергиясын бірыңғай сатып алушы тәулік сайын сағат 16:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тиісті тәуліктік графигін бекіту туралы электр энергиясын сатып алу-сатудың жоспарлы көлемдерін көрсете отырып, жүйелік оператор теңгерімдеуші нарық жүйесінде хабардар етеді және оған мыналар қосылады:

1) осы Қағидаларға сәйкес электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде енгізілген барлық өзгерістерді ескере отырып, сатып алуға арналған өтінімдерде көрсетілген электр энергиясын сатып алудың (тұтынудың) жоспарлы көлемдері (мұндай өзгерістер болған кезде олардың себептері көрсетіледі);

2) осы Қағидаларға сәйкес электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде енгізілген барлық өзгерістерді ескере отырып (мұндай өзгерістер болған жағдайда, олардың себептері көрсетіледі), сондай-ақ энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелерін ескере отырып, сатуға арналған өтінімдерде көрсетілген электр энергиясын сатудың (өз тұтынуын шегергендегі) жоспарлы көлемдері.

5-параграф. Операциялық тәуліктер ішінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік графигіне түзетулер ензігу

89. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын көздер үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін ұлғайтуға (жоғары) ғана түзетуге жол беріледі, ол электр энергиясын өндіру-тұтынудың көрсетілген тәуліктік графигінде электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімі сақталған жағдайда, электр энергиясын нақты өндіру-тұтынудың тиісті сағаты басталғанға дейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей беріледі.

90. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының қалған субъектілері үшін тәуліктік графикті түзету жүргізілмейді.

6-тарау. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын және энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүргізу тәртібі

91. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын және энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген орталықтандырылған сауда-саттық орталықтандырылған сауда-саттық нарығы операторының сауда жүйесінің интернет-ресурсында қашықтықтан өткізіледі.

92. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны (беру күні мен уақыты, бағасы, көлемі) қоса алғанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің берген өтінімдері, сауда-саттыққа қатысушылар туралы ақпаратты және (мәміленің жасалған күні мен уақыты, бағасы, көлемі, құны, мәміле тараптары) қамтитын электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындыларына ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

93. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының тиісті орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін айқындалған электр энергиясын сатып алудың жоспарлы сағаттық көлемдерін орталықтандырылған сауда-саттық деректері аяқталғаннан кейін 15 (он бес) минут ішінде, бірақ операциялық тәуліктің алдындағы сағат 10:15-тен (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей орталықтандырылған сауда-саттық нарығының операторы жүйелік операторға жібереді Сондай-ақ орталықтандырылған сауда нарығының операторы операциялық тәуліктің алдындағы сағат 10:15-ке дейін (Астана уақыты бойынша) жүйелік операторға операциялық тәуліктің әрбір сағаты бойынша сатылмаған квотаның көлемі туралы ақпарат жібереді.

94. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының тиісті орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін айқындалған электр энергиясын сатудың жоспарлы сағаттық көлемдерін орталықтандырылған сауда нарығының операторы осы сауда-саттық аяқталғаннан кейін 15 (он бес) минут ішінде, бірақ операциялық тәуліктің алдындағы 12:05 сағатынан (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей жүйелік операторға жібереді.

7-тарау. Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі жүйелік оператордың көрсетілген жүйелік қызметтерінің және ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін көрсетілетін қызметтердің көлемін айқындау тәртібі. Электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін айқындау тәртібі

95. Өңірлік электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтер өңірлік электр желісіне қосылған электр энергиясын тұтынушыларға, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға осы Қағидаларда көзделген жағдайларда табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және бірыңғай сатып алушыға белгілейтін тариф бойынша көрсетіледі.

96. Электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруге электр энергиясының экспорты мен импортын жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдары, объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдар, осы ұйымдардың құрамына кіретін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын көтерме сауда нарығының субъектілері ақы төлейді.

97. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын беру жөніндегі энергия беруші ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін көрсетілетін қызметтерге және электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге электр энергиясын коммерциялық есепке алудың тиісті аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес электр энергиясының есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік айда) нақты тұтынған көлемдері негізінде тиісті шарттарда көрсетілген тарифтер бойынша ақы төлейді.

98. Тұлғалар тобына кірмейтін және энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылмайтын, екі жақты шарттар бойынша (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс) электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін (қайталама энергия ресурстарын) пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін көрсетілетін қызметтің нақты көлемі бойынша мынадай формуламен айқындалады:

$$W_{\text{пайд}} = W_{\text{тұтын(нақт)}} - \sum_{i=1}^n \left(W_{\text{ЭӨҰ(нақт).i}}^{\text{ЖЭК}} * \frac{W_{\text{тұтын(жосп).ЭӨҰ.i}}^{\text{ЖЭК}}}{W_{\text{тұтын.сом(жосп).ЭӨҰ.i}}^{\text{ЖЭК}}} \right), \text{ мұндағы:}$$

$W_{\text{пайд}}$

- тұлғалар тобына кірмейтін және энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылмайтын , электр энергиясын екі жақты шарттар бойынша (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс) жаңартылатын энергия көздерін (қайталама энергия ресурстарын) пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін көрсетілетін қызметтің нақты көлемі кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{тұтын(нақт)}}$

- тұлғалар тобына кірмейтін және энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылмайтын , электр энергиясын екі жақты шарттар бойынша (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс) жаңартылатын энергия көздерін (қайталама энергия ресурстарын) пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтынуының нақты көлемі кВт сағ бүтіндей дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{ЭӨҰ(нақт).i}}^{\text{ЖЭК}}$

- осы субъектіде есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін электрэнергиясын сатып алу-сату шарты жасалған жаңартылатын энергия көздерін (қайталама энергия ресурстарын) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйымның электрэнергиясын өндірудің нақты көлемі (өз тұтынуын шегергенде) кВт*сағ(бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{тұтын(жосп).ЭӨҰ.i}}^{\text{ЖЭК}}$

- осы субъектінің есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына бір тұлғалар тобына кіретін і-ші энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алу көлемі кВт *сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{тұтын.сом(жосп).ЭӨҰ.i}}^{\text{ЖЭК}}$

- есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына осы субъектімен Тұлғалар тобына кіретін і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатудың жиынтық

көлемі кВт сағ-та (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^n$ – i бойынша қосынды;

i - 1-ден a, b, c дейін, тиісінше өзгертін реттік нөмірі;

n - осы субъектімен электр энергиясын сатып алу-сату шарты жасалған тұлғалардың бір тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардың саны.

Егер

$W_{\text{тұтын}}$

мәні теріс (нөлден аз) болса, онда ол есепті кезеңде нөлге теңестіріледі.

99. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын өз тұтынуы және (немесе) соңғы тұтынушыларға электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында энергия беруші ұйыммен (дармен) электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетуге шарттар жасасады (қажет болған жағдайда).

100. Энергия беруші ұйымның кіші станцияларын оған тиесілі электр беру желілерімен "кіру-шығу" схемасы бойынша ұлттық электр желісіне қосқан кезде энергия беруші ұйым электр энергиясын осындай электр беру желілері және кіші станциялардың жабдықтары бойынша ақы алынбай өткізуді жүзеге асырады.

101. Егер тиісті есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша өңірлік электр желісі компаниясының желілерінде электр энергиясын генерациялау мен тұтыну арасында оң айырма туындаса, онда осы айырмаға сәйкес келетін электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтің көлемін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы төлеуге тиіс. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының осы шығындары оның электр энергиясын сатуға арналған бағаларында ескеріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр энергиясын генерациялау мен тұтыну арасындағы оң айырма туралы ақпаратты өңірлік электр желісі компаниясы коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісі нысанында және жүйелік оператор ұсынатын Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты балансы негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 10-күнінен (күнтізбелік аймен) кешіктірмей электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына жібереді

8-тарау. Сағаттық мөлшерлемелерді айқындау тәртібі

102. Сағаттық мөлшерлемелер энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына арналған шекті тарифке қолданылатын өлшемсіз коэффициенттер болып табылады және оларды осы тәуліктерде осы тарифтің мақсатын көбейту арқылы тәулік ішінде қолданылады.

103. Құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{сағ}} = \frac{W_{\text{min (жэо)}}}{W_{\text{сағ(жэо)}}} - 1,5 * \left(1 - \frac{W_{\text{min (жэо)}}}{W_{\text{сағ(жэо)}}} \right), \text{ мұндағы:}$$

$C_{\text{сағ}}$

- тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық ставка;

$W_{\text{сағ(жэо)}}$

- құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылу мен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясын тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі электр энергиясын осы тәуліктің осы сағатына бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{min (жэо)}}$

- құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі бірыңғай сатып алушыға осы тәулікке электр энергиясын сатқан электр энергиясының ең аз сағаттық көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{сағ(жэо)}} = 0 \text{ МВт}$

- (нөлге тең) болған жағдайда сағаттық мөлшерлеме (

$C_{\text{сағ}}$

) нөлге тең.

2024 жылғы 1 қаңтарға дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.

104. Құрамына қуаты Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу

туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар кіретін мемлекеттік энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме мынадай формула бойынша айқындалады: (құрылуы генерациялайтын қондырғылардың деректері есебінен жүзеге асырылуы жоспарланған электр энергиясын сату көлемі үшін):

$$C_{\text{сағ}} = \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} + 3,0 * \left(1 - \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} \right)$$

$C_{\text{сағ}}$

- тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{сағ(рм)}}$

- қуаты электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар желісіне электр энергиясын жіберу көлемі, Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр қуаты нарығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын, Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес, кВт*сағ-пен (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{min (рм)}}$

- электр энергиясын генерациялайтын қондырғылар желісіне жіберудің ең аз сағаттық көлемі, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын Қазақстан Республикасы Заңының 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі осы тәулікке электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр қуаты нарығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын, Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Осы тармақта көрсетілген сағаттық мөлшерлеме Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған, қуаты электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша

көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылардың электр энергиясы бөлігінде ғана қолданылады (нөлге тең емес).

$$W_{ч(рм)} = 0 \text{ МВт}$$

(нөлге тең) болған жағдайда сағаттық мөлшерлеме (

$C_{сағ}$

) нөлге тең.

2024 жылғы 1 қаңтарға дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.

105. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысатын көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме (

$C_{сағ}$

) мынадай түрде айқындалады:

1)

$C_{сағ}$

= 1,0 – тәулік сағаттары үшін, 00:01 сағаттан 04:00 сағатқа дейін;

2)

$C_{сағ}$

= 1,15 – тәулік сағаттары үшін, 04:01 сағаттан 08:00 сағатқа дейін;

3)

$C_{сағ}$

= 1,30 – тәулік сағаттары үшін, 08:01 сағаттан 15:00 сағатқа дейін;

4)

$C_{сағ}$

= 1,45 – тәулік сағаттары үшін, 15:01 сағаттан 18:00 сағатқа дейін;

5)

$C_{сағ}$

= 1,6 – тәулік сағаттары үшін, 18:01 сағаттан 21:00 сағатқа дейін;

6)

$C_{сағ}$

= 1,45 – тәулік сағаттары үшін, 21:01 сағаттан 23:00 сағатқа дейін;

7)

$C_{сағ}$

= 1,3 – тәулік сағаттары үшін, 23:01 сағаттан 00:00 сағатқа дейін.

2024 жылғы 1 қаңтарға дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.

9-тарау. Атаулы қолдау алушылар тізімін қалыптастыру, өзектендіру және жариялау тәртібі

106. Атаулы қолдау алушылардың тізімін табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады және мыналарды қамтиды:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің атауы;

2) осы субъектілердің әрқайсысы үшін қолданылатын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тиісті есеп айырысу кезеңінің (тиісті есеп айырысу кезеңдерінің) барлық сағаттарына электр энергиясын сатып алуға сараланған сағат сайынғы бағалардың мәнін;

3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға сараланған сағат сайынғы бағалардың мәндерін қолдануды (қолдануды) бастау күні.

Атаулы қолдау алушылардың тізіміне электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды (нақты) бағасы тиісті болжамды кезеңге табиғи монополия саласындағы уәкілетті органмен келісілген шекті баға құрылымында ескерілген электр энергиясының сатып алу бағасынан жоғары электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері енгізіледі.

107. Атаулы қолдау алушылардың тізімін табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган 6 (алты) айда бір рет өзектендіреді және оны табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган өзгерістер қолданылатын есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жібереді.

108. Атаулы қолдау алушылардың тізімі электр энергиясын бірыңғай сатып алушының интернет-ресурсында жарияланады.

10-тарау. Теңгерімдеуші нарық жүйесі

109. Теңгерімдеуші нарық жүйесіне қол жеткізу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі пайдаланушылық келісімге қол қояды.

Жеке кабинетке кіру және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы өтінімдерді верификациялау кезінде авторизацияға қол жеткізу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын, сондай-ақ қосылу шартын жасасады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінің жұмысын қолдауды жүйелік оператор жүзеге асырады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі жоспарлы-профилактикалық жұмыстар негізінен демалыс күндері түнгі уақытта жүргізіледі. Жүйелік оператор бұл ретте электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін осы жұмыстар туралы алдын ала (жоспарлы-профилактикалық жұмыстар басталғанға дейін кемінде 8 сағат бұрын) хабардар етеді. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоспарлы-профилактикалы

жұмыстарды жүргізу кезінде теңгерімге қатысуға өтінімдер берілмейді, түзетілмейді, жойылмайды және белсендірілмейді, сатып алуға және сатуға жоспарлы өтінімдерді беру және өзектендіру де осы уақытта қол жетімді болмайды.

110. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарық жүйесінде беретін сатуға өтінімдерге жәнесатып алуға өтінімдерге осы субъектілер оларға тиісті электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

111. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде ай сайын, есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы есеп айырысу кезеңінің сағаттарына (әрбір сағатқа) электр энергиясын сатуға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалатын болжамды бағалары жарияланады.

112. Есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушының осы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына электр энергиясын сатуға арналған нақты бағалары жарияланады.

113. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін теңгерімдеуші нарық жүйесі қол жетімсіз болған кезде теңгерімдеуші нарық жүйесінде:

1) электр энергиясын сатып алу көлемін сатып алуға арналған өтінімдерде алдын ала төлемді қамтамасыз етуге арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің енгізілген ақша қаражатының жеткіліктілігін тексеру жүзеге асырылмайды;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін сатып алуға өтінімдер мен сатуға өтінімдер электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюды талап етпейді;

3) жүйелік оператор сатып алуға өтінімдердің және сатуға өтінімдердің көлемдерін (операциялық тәуліктерге) жүйелік оператор бекіткен ағымдағы тәуліктерге арналған электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген сатып алуға тиісті өтінімдердің және сатуға өтінімдердің көлемдеріне теңестіреді;

4) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы қаржылық өзара есеп айырысулар электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағалары бойынша жүзеге асырылады.

114. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жүйелік операторға теңгерімдеуші нарық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған мынадай ақпаратты ұсынады:

1) электр энергиясын жоспарланып отырған сатып алу үшін алдын ала төлемді қамтамасыз етуге арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің ақша қаражатының қалдығы туралы ақпарат (осы ақпаратқа деректерді қолмен жүктеген кезде ғана электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының төлем жүйесімен ықпалдастырылған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою талап етілмейді);

- 2) электр қуаты нарығында және электр энергиясы нарығында жасалған шарттар туралы ақпарат;
- 3) аукциондық бағалар және тіркелген тарифтер бойынша ақпаратты қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен жасалған шарттар туралы ақпарат;
- 4) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың белгіленген қуаты, белгіленген қуаттың асып кетуінің ықтимал диапазонын қоса алғанда;
- 5) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17923 болып тіркелген) Тұлғалар топтарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес уәкілетті орган қалыптастыратын жаңартылатын энергия көздерінің үлесін есептеу жүргізілетін шартты тұтынушылардың тізбесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 шілдедегі № 345 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14155 болып тіркелген) Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес уәкілетті орган қалыптастыратын жаңартылатын энергия көздерінің үлесін есептеу жүргізілетін білікті тұтынушылардың тізбесі;
- 7) энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтері туралы ақпарат;
- 8) қуат нарығында және электр энергиясы нарығында бірыңғай сатып алушының ұзақ мерзімді келісімшарттарының көлемі мен қолданылу мерзімі бойынша деректер;
- 9) электр энергиясын бірыңғай сатып алушының операциялық шығындары туралы ақпарат;
- 10) табиғи монополия саласындағы уәкілетті органнан алынатын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға сараланған сағат сайынғы бағалардың мәнін көрсете отырып, атаулы қолдау алушылардың тізімі;
- 11) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынған электр энергиясының бағасы туралы ақпарат;
- 12) электр энергиясын теңгерімдеуді, техникалық диспетчерлендіруді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге бірыңғай сатып алушының шығындары туралы ақпарат;
- 13) электр энергиясының болжамды бағалары және жаңартылатын энергия көздерін қолдауға болжамды бағалар туралы ақпарат (электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жұмыс істеуінің алғашқы екі айы үшін);
- 14) жаңартылатын электр энергиясы көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қолданылатын түзету коэффициенттері туралы ақпаратты, сондай-ақ осы коэффициенттер қолданылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қамтиды.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жоғарыда көрсетілген ақпараттың өзектілігі, дұрыстығы және толықтығы үшін жауапты болады.

115. Жүйелік оператордың атына жіберілген орталықтандырылған сауда нарығы операторының ресми хатымен расталған орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесі қол жетімсіз болған кезде:

1) цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық және энергия өндіруші ұйымдар үшін алдағы операциялық тәуліктерге арналған ағымдағы операциялық тәуліктерде орталықтандырылған сауда-саттық жүргізілмейді;

2) цифрлық майнерлер үшін квота алдағы операциялық тәуліктердің барлық сағаттары үшін нөлге теңестіріледі;

3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын басым генерациялаудың тәуліктік графигіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан энергия өндіруші ұйымдар үшін соңғы өткізілген орталықтандырылған сауда-саттықта қалыптасқан көлемде сатып алады;

4) басым генерациялаудың тәуліктік графигіне кірмейтін бірыңғай сатып алушыға сатуға өтінімдердің көлемі және бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алу көлемдері осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тәуліктік графикке сәйкес келмеген кезде тәуліктік графикте ең аз көлем есепке алынады;

5) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигінің сағат сайынғы көлемі электр энергиясының сағат сайынғы көлемінің қосындысынан асып кеткен кезде, осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларына сәйкес айқындалған, басым генерациялаудың тәуліктік графигіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сағат сайынғы көлемі мен басым генерациялаудың тәуліктік графигін жүйелік оператор осы өтінімдердің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып, энергия өндіруші ұйымдардың бірыңғай сатып алушысына сатуға өтінімдердің сағат сайынғы көлеміне пропорционалды асып кету көлемінде басым генерациялаудың тәуліктік графигіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатуға өтінімдердің сағат сайынғы көлемін азайтады.

116. Бірыңғай сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша өзінің интернет-ресурсында:

1) тәуліктің нақты сағаттарына базалық бағаның нақты мәндері;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда электр энергиясын сатып алу кезінде туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған нақты шығындар, есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда туындаған қосымша шығындар бойынша ақпаратты жариялайды.

11-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесін қалыптастыру және оны өзектендіру тәртібі

117. Жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізу үшін тиісті заңды тұлға:

1) ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін жүйелік оператормен қызмет көрсетуге арналған шартты;

2) жүйелік оператормен ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтер көрсетуге арналған шартты (қажет болған жағдайда);

3) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шартты (қажет болған жағдайда);

4) жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты;

5) жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты (генерациялайтын қондырғылар болған кезде, сондай-ақ импортты жүзеге асыру) жасасады.

Бұл ретте ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметтерді көрсетуге, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша қызметтерді көрсетуге, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге және электр энергиясын өндіру-тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарттар:

электр энергиясын тұтынушы орташа тәуліктік (базалық) қуаттың кемінде 1 МВт көлемінде тұтынған жағдайда;

энергиямен жабдықтаушы ұйыммен (энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу құқығына лицензиясы болған кезде) орташа тәуліктік (базалық) қуаттың кемінде 1 МВт көлемінде электр энергиясын энергиямен жабдықтау жөніндегі талаптарды орындау кезінде жасалады.

118. Жүйелік оператор тізбені оның ресми интернет-ресурсында жариялайды.

119. Тізбені өзектендіруді жүйелік оператор оның өзгеру фактісі бойынша жүзеге асырады.

12-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілмеген заңды тұлғаларды шектеу тәртібі

120. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілмеген және энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен энергиямен жабдықтау шарты (келісімшарттық емес тұтыну) жоқ заңды тұлғаның электр энергиясын тұтыну және теңгерімдеуші электр энергиясын тұтыну фактісі анықталған жағдайда, энергия беруші ұйым немесе осы заңды тұлға желілеріне қосылған энергия өндіруші ұйым мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) осы заңды тұлғаның атына электр энергиясын келісімшарттық емес тұтынуды алып тастау (тоқтату) қажеттігі туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі – хабарлама),

сондай-ақ хабарламаның көшірмесін уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның атына жібереді;

2) хабарлама жіберілгеннен кейін 72 сағат өткен соң электр энергиясын келісімшартсыз тұтынуды болдырмау жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда, осы заңды тұлғаны өз желілерінен ажыратады.

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Сатып алуға өтінім. Сатуға өтінім

Жіберуші		01:00		МВт	13:00		МВт
		02:00		МВт	14:00		МВт
Контрагент		03:00		МВт	15:00		МВт
		04:00		МВт	16:00		МВт
Операция		05:00		МВт	17:00		МВт
		06:00		МВт	18:00		МВт
		07:00		МВт	19:00		МВт
		08:00		МВт	20:00		МВт
		09:00		МВт	21:00		МВт
		10:00		МВт	22:00		МВт
		11:00		МВт	23:00		МВт
		12:00		МВт	24:00		МВт

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға алдағы тәуліктің нақты сағаты үшін болжамды бағаларын айқындау тәртібі

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға алдағы тәуліктің нақты сағатына арналған болжамды бағасы мынадай түрде айқындалады:

1. Атаулы қолдау алушылардың тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін электр энергиясын сатуға электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына арналған болжамды бағасы атаулы қолдау алушылардың тізіміне осы субъект үшін осы сағатқа көрсетілген электр энергиясын сатып алу бағасына теңестіріледі.

2. Шартты тұтынушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы

тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы (осы субъектіні сатып алу өтінімінде тәуліктің осы сағатына көрсетілетін электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемі бөлігінде) есеп айырысу кезеінде арналған (күнтізбелік ай) жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған осы қосымшаның 4-тармағына сәйкес айқындалатын осы сағат жататын сандық тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

3. Шартты тұтынушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы (осы субъектіні сатып алу өтінімінде тәуліктің осы сағатына көрсетілетін электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемінен жоғары электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың сағаттық көлемі бөлігінде) осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес айқындалатын осы сағатқа базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі.

4. Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің болжамды мәнін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес алдағы есеп айырысу кезеіне (күнтізбелік айға) ай сайын (ағымдағы айда) есептейді.

5. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық қалған субъектілері үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы осы сағатқа арналған базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі.

5.1. Базалық бағаның болжамды мәндерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы алдағы есеп айырысу кезеіне (күнтізбелік айға) ай сайын есептейді.

5.2. Алдағы есеп айырысу кезеіне базалық бағаның болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеінің сағатына (күнтізбелік айға) базалық бағаның нақты мәнімен теңестіріледі.

5.3. 2023 жылғы шілдедегі, тамыздағы базалық бағаның болжамды мәндерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мынадай тәртіппен есептейді:

1) 2023 жылғы мамыр айындағы базалық бағалардың нақты мәндері негізінде үлгілік сағаттық бағаның 24 (жиырма төрт) мәні есептеледі;

2) үлгілік сағаттық бағаның есептелген мәндері 2023 жылғы шілдедегі, тамыздағы тиісті сағаттарға қолданылады және 2023 жылғы шілдедегі, тамыздағы базалық бағаның тиісті болжамды мәндеріне айналады.

Үлгілік сағат бағасының 24 (жиырма төрт) мәнінің әрқайсысы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\mathbb{C}_{\text{түр}}^i = \frac{\sum_{j=1}^{D_{\text{ай}}} (\mathbb{C}_{\text{қалд.}j}^i * W_j^i)}{\sum_{j=1}^{D_{\text{ай}}} (W_j^i)}, \text{ мұндағы:}$$

$\mathbb{C}_{\text{түр}}^i$

- үлгілік сағат бағасының мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз (жүзге дейін дөңгелектенеді);

i - мәні 1-ден 24-ке дейін өзгертін өлшеусіз коэффициент;

24

- тәуліктегі сағат саны;

$\mathbb{C}_{\text{қалд.}j}^i$

- 2023 жылғы мамыр айының j-тәулігінің i-ші сағатына, теңгемен/кВт*сағ, ҚҚС-сыз есептік базалық бағаның нақты мәні (жүзге дейін дөңгелектенеді);

W_j^i

- 2023 жылғы мамыр айының j-тәулігінің i-ші сағатындағы электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{j=1}^{D_{\text{мес}}} - j$

бойынша қосынды;

j - 1-ден Дай-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

$D_{\text{ай}}$

- уәкілетті органмен келісілген кезеңді көрсететін өлшемсіз коэффициент.

2023 жылғы мамырдың j-тәулігінің i-ші сағатына базалық бағаның нақты мәнін есептеу кезінде электр энергиясын өткізетін энергия беруші ұйымдардың топтары бойынша бекітілген электр энергиясына қолданыстағы шекті тарифтер, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға жасалған шарттарға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің тарифтері мен бағалары қолданылады.

5.4. 2023 жылғы мамырдың j-тәулігінің i сағатына базалық бағалардың сағаттық орташа өлшенген мәндерін есептеу кезінде пайдаланылатын электр энергиясын сатудың бастапқы бағалары ретінде:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) және қаржы-есеп айырысу орталығымен

жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес – жыл сайынғы индекстеуді ескере отырып, осы шарттардың бағалары,

2) электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтарына енгізілген энергия өндіруші ұйымдар үшін – "Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сәйкес электр энергиясына тиісті шекті тарифтер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17956 болып тіркелген).

3) импорттық электр энергиясы үшін – "Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сәйкес электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтарына енгізілген энергия өндіруші ұйымдар үшін ең жоғары шекті тариф (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17956 болып тіркелген) немесе бар болса – есеп айырысу жүргізілетін айдың 1-күніндегі бағам бойынша теңгемен/кВт*сағатына айырбасталған шектес елдерден электр энергиясы импортының болжамды бағалары пайдаланылады.

2023 жылғы мамырдағы j тәуліктің i сағатына сағат сайынғы орташа өлшенген базалық бағаларды есептеу кезінде пайдаланылатын 2023 жылғы мамырдағы j тәуліктің i сағатына электр энергиясының сағат сайынғы көлемі ретінде қаржы-есеп айырысу орталығынан тыс жерде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын осы шартты тұтынушының құрамына кіретін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне электр энергиясын сату көлемін, қаржы есеп-айырысу орталығынан тыс жаңартылатын энергия көздерін пайдаланытын энергия өндіруші ұйымдардың сату көлемін қоспағанда, жүйелік оператор бекіткен (түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графиктеріне енгізілген электр энергиясын өндірудің (сатудың) сағаттық көлемі (Қазақстан Республикасы бойынша импорттың оң сальдо-ағынын ескере отырып) пайдаланылады.

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
3-қосымша

Тәуліктің нақты сағатына базалық бағаның нақты мәнін есептеу тәртібі

1. Тәуліктің нақты сағатына қалдық бағаның нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Ц_{\text{қалд}}^{\text{БС}} = \frac{S_{\text{шығын}}^{\text{БС}} - S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}}{W_{\text{қалд}}^{\text{БС}}}, \text{ мұндағы:}$$

$\Sigma_{\text{қалд}}^{\text{БС}}$

- тәуліктің нақты сағатына қалдық бағаның нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз (жүзге дейін дөңгелектенеді);

 $S_{\text{шығын}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарының сомасы, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

 $S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатудан түскен табыстарының сомасы, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

 $W_{\text{қалд}}^{\text{БС}}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алудың жалпы көлемі бөлігінде жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемінің сомасынан артық (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындарының сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{шығын}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^a (T_{\text{рм.і}} * C_{\text{сағ}} * W_{\text{рм.і}}) + \sum_{i=1}^b (T_{\text{жэо.і}} * C_{\text{сағ}} * W_{\text{жэо.і}}) + \sum_{i=1}^c (\Sigma_{\text{осс.і}} * W_{\text{осс.і}}) + S_{\text{имп}}^{\text{БС}} + \Delta_{\text{қолд}}^{\text{жэк}}, \text{ мұндағы:}$$

 $S_{\text{шығын}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарының сомасы, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$T_{pm.i}$

- Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына шекті тарифінің мәні теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді) ҚҚС-сыз;

$W_{pm.i}$

- Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі (қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар есебінен құру жоспарланған электр энергиясын сату көлемі), кВт*сағ-пен (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$T_{jzo.i}$

- құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына шекті тарифінің мәні теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{jzo.i}$

- электр энергиясы тиісті қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына жылу электр орталықтары кіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәулік бойы берген электр энергиясының көлемі кВт*сағ (тұтастай алғанда дөңгелектенеді);

$\Pi_{oss.i}$

- і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында (сатушыларды іріктеу бойынша) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан баға, теңгемен/кВт*сағ

(жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{occ.i}}$

- і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында (сатушыларды іріктеу бойынша) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$C_{\text{сағ}}$

- осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлеме (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^a, \sum_{i=1}^b, \sum_{i=1}^c$, – і бойынша қосынды;

і - тиісінше 1-ден a, b, c, дейін өзгертін реттік нөмірі;

a – электр қуаты нарығында Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан, тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

b – жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына электр энергиясы тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдардың саны;

c – тәуліктің осы сағатына электр өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

$S_{\text{имп}}^{\text{БС}}$

- тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындарының сомасы, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$\Delta_{\text{қолд.}}^{\text{ЖЭК}}$

– тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды

қолдауға жұмсалған шығындар ҚҚС-сыз теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{қос}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу себебінен есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда туындаған қосымша шығындар Заңның 19-1-бабы 3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатын электр энергиясының бағалары мен көлемдерін дөңгелектеуге байланысты шығындар, электр энергиясының экспорты мен импортына байланысты электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу себебінен туындаған шығындар, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының орталықтандырылған сауда нарығы операторының алдындағы шығындары, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз.

2.1 Тәуліктің осы сағатына (сағатына) арналған импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындарының сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{имп}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^d ((C_{\text{имп},i} + C_{\text{дисп}}) * W_{\text{имп},i}), \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{имп}}^{\text{БС}}$

- тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындарының қосындысы, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$C_{\text{имп},i}$

- импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының i -шартында көрсетілген электр энергиясын сатып алу бағасы тәуліктің осы сағаты, теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$C_{\text{дисп}}$

- тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін жүйелік оператор мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы арасында жасалған техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған тиісті шартта көрсетілген техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтердің бағасы теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{имп},i}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушы импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының і шарты бойынша тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтіндей дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$\sum_{i=1}^d$, – і бойынша қосынды;

i – 1-ден d-ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

d – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған шарттарының саны, олардың шеңберінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алған.

2.2 Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындар (

$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{қолд}}$), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{қолд}} = \left(\sum_{i=1}^P (\text{Ц}_{\text{жЭК}(1),i} * W_{\text{жЭК}(1),i}) + \frac{\sum_{i=1}^W (\text{Ц}_{\text{жЭК}(2),i} * W_{\text{жЭК}(2),i})}{N_{\text{ай}}} + \frac{S_{\text{жЭК}}^{\text{б/п}} + S_{\text{жЭК}}^{\text{ЭТН}} + S_{\text{опер}}^{\text{БС}} + S_{\text{рез.қор}}^{\text{БС}}}{N_{\text{ай}}} \right), \text{ мұндағы:}$$

$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{қолд}}$ - электр энергиясын сатып алу кезінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалған шығындар, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$\text{Ц}_{\text{жЭК}(1),i}$ - жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) электр энергиясын өндіруші ұйымның ұзақ мерзімді сатып алу шартының бағасы - ҚҚС-сыз теңгемен/кВт *сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(1),i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) і-ші энергия өндіруші ұйым жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға теңгемен/кВт*сағ (дейін дөңгелектенеді) сатқан электр энергиясының көлемі бүтін), ҚҚС-сыз;

$C_{\text{жЭК}(2),i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) і энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартының бағасы - ҚҚС-сыз теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(2),i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығында өндіру-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес тәуліктің осы сағатына жататын, есеп айырысу жылы үшін (күтізбелік ай) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан жаңартылатын энергия көздері пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) і энергия өндіруші ұйымның электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{жЭК}}^{\text{ө.т/т}}$

- мынадай формула бойынша айқындалатын электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге электр энергиясын бірыңғай сатып алушының теңгемен (күнтізбелік айға дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді) нақты шығындары:

$$S_{\text{жЭК}}^{\text{ө.т/т}} = T_{\text{ө.т/т}} * W_{\text{жЭК.нақты (ай)}}, \text{ мұндағы}$$

$T_{\text{ө.т/т}}$

- жүйелік оператордың тиісті есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған тарифі, теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз,

$W_{\text{жэк.нақты}}$

- тиісті есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясының нақты көлемі теңгемен/кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{жэк}}^{\text{ЭТН}}$

- тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында (кірістерді шегергенде) жұмсалған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының теңгемен нақты шығындары (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$S_{\text{опер}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін оның қызметін жүзеге асыруға байланысты нақты шығындары теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$S_{\text{рез.қор}}^{\text{БС}}$

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 29 шілдедегі № 361 бұйрығымен бекітілген Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалатын тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін резервтік қорды қалыптастыруға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының теңгемен нақты шығындары (жүзге дейін дөңгелектенеді);

Най - тиісті есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік айдағы) сағат санын көрсететін өлшеусіз коэффициент;

$\sum_{i=1}^p$

- бойынша қосынды;

i – 1-ден p -ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

p – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардың саны;

w – жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын (энергия қалдықтарын кәдеге жарату) және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға

сәйкес есеп айырысу-қаржы орталығымен жасасқан электр энергиясын сатып алу-сату туралы ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардың саны тәуліктің берілген сағаты жататын есеп айырысу кезеңіне (күнтізбелік айға) электр энергиясын бір сатып алушыға электр энергиясын сатқан энергия көздері.

3. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатудан түскен кірістерінің қосындысы (

$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}$

) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}} = T_{\text{жэк}}^{\text{қолд}} * \sum_{i=1}^k (W_{\text{жэк.і}}^{\text{шт}}) + \sum_{i=1}^l (C_{\text{майн.і}} * W_{\text{майн.і}}) + \sum_{i=1}^m (C_{\text{дифф.і}} * W_{\text{дифф.і}}), \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының осы сағатына электр энергиясын сатудан түскен табыстарының қосындысы, теңгемен (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$T_{\text{жэк}}^{\text{қолд}}$

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын ҚҚС-сыз, тәуліктің осы сағатына жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ (үтірден кейін 4 белгіге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді);

$W_{\text{жэк.і}}^{\text{шт}}$

- жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясын сатып алудың тепе-тең рұқсат етілген сағаттық көлемінің мәніне тең і шартты тұтынушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$C_{\text{майн.і}}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісінің тәуліктің осы сағатына майнингтік бағасы теңгемен/

кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{майн.}i}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\Pi_{\text{дифф.}i}$

- тәуліктің осы сағатына атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі үшін атаулы қолдауды алушылар тізімінде көрсетілген электр энергиясын сатып алу бағасы теңгемен/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{дифф.}i}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған, атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^k, \sum_{i=1}^l, \sum_{i=1}^m, - i$

- бойынша қосынды;

i – тиісінше 1-ден k , l , m , дейін өзгеретін реттік нөмір;

k – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған шартты тұтынушылардың саны;

l – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, сандық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

m – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны.

4. Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (жүйелік оператор бекіткен (түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат

етілген сағаттық көлемінің сомасынан асып кететін тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан олардың электр энергиясын сатып алуының жалпы көлемі бөлігінде) (

$W_{\text{қалд.}}^{\text{БС}}$

), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$W_{\text{қалд.}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^{\Gamma} W_{\text{ктрме.}i}^{\text{БС}} - \sum_{i=1}^k (W_{\text{жэк.}i}^{\text{ШТ}}) - \sum_{i=1}^l W_{\text{майн.}i} - \sum_{i=1}^m (W_{\text{дифф.}i}), \text{ мұндағы:}$$

$W_{\text{қалд.}}^{\text{БС}}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемінің сомасынан тыс тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың жалпы көлемі бөлігінде) кВт сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{ктрме.}i}^{\text{БС}}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі теңгемен (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жэк.}i}^{\text{ШТ}}$

- жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемінің мәніне тең, i -шартты тұтынушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі кВт сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді));

$W_{\text{майн.}i}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{майн.і}}$

- тәуліктің осы сағатына электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған, атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^r, \sum_{i=1}^k, \sum_{i=1}^l, \sum_{i=1}^m$, – і бойынша қосынды;

і – тиісінше 1-ден r, k, l, m, дейін өзгеретін реттік нөмір;

r – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

k – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің (шартты тұтынушылар болып табылатын) саны;

l – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, сандық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

m – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, атулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны.

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
4-қосымша

Он екі ай кезеңге электр энергиясын сатып алуға арналған есептік бағаны айқындау тәртібі

1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған есептік бағаны айқындау үшін мынадай мәндер пайдаланылады:

1) шартты тұтынушылардың электр энергиясының көлемін қоспағанда, жүйелік оператордың деректері бойынша күнтізбелік айлардағы электр энергиясын тұтынудың нақты өсімін ескере отырып, өткен күнтізбелік жыл үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты балансына сәйкес электр энергиясын тұтыну көлемі, кВт*сағ;

2) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясын өндіру көлемін және шартты тұтынушылардың электр энергиясының көлемін қоспағанда, өткен күнтізбелік жылғы электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес электр энергиясын өндіру көлемі, кВт*сағ;

3) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жаңартылатын көздерді пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясын өндірудің жоспарлы көлемі және электр қуаты нарығында жасалған ұзақ мерзімді шарттар бойынша енгізуге жоспарланған көлем, кВт*сағ;

4) 1) тармақшада көрсетілген тұтыну көлемі мен 2) және 3) тармақшаларда көрсетілген өндіріс көлемінің қосындысы арасындағы айырма ретінде есептелген электр энергиясы импортының көлемі, кВт*сағ;

5) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық алаңында сатуға жоспарланған электр энергиясының көлемі, электр энергиясын өндіру көлемін қоспағанда, өткен күнтізбелік жылда электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес электр энергиясын өндіру көлемі арасындағы айырма ретінде есептелген, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген және электр энергиясының Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына және құрамына ЖЭО кіретін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының көлеміне сәйкес электр қуаты нарығында шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдар өндірген энергия көлемі, кВт*сағ;

6) осы Қағидалардың 129-тармағына сәйкес айқындалатын энергия беруші ұйым өткен күнтізбелік жылда электр энергиясын беру және бөлу бойынша нақты көрсетілген қызметтердің көлемі, кВт*сағ;

7) 2) және 3) тармақшаларда көрсетілген өндіріс көлемінің сомасы мен 1) тармақшада көрсетілген тұтыну көлемі арасындағы айырма ретінде айқындалатын цифрлық майнерлермен тұтынуға болжанатын электр энергиясының көлемі, кВт*сағ;

8) "Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17956 болып тіркелген) сәйкес энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтер, теңге/кВт*сағ;

9) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы арасында және (немесе) есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарттарына сәйкес индекстеуді ескере отырып, тіркелген тарифтер мен аукциондық бағалар, теңге/кВт*сағ;

10) электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді және бұйрыққа сәйкес электр энергиясын

өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету жөніндегі жүйелік оператордың тарифтері, теңге/кВт*сағ;

11) "ЭҚРҚО" АҚ-ның электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыру және жүргізу тарифі, теңге/кВт*сағ;

12) "ЭҚРҚО" АҚ-ның орталықтандырылған сауда-саттықты өткізуге сауда жүйесінің дайындығын қамтамасыз етуге арналған тарифі, теңге/кВт*сағ;

13) осы Қағидалардың 129-тармағына және осы қосымшаның б) тармақшасына сәйкес тиісті энергия беруші ұйымға электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтің қолданыстағы тарифі, теңге/кВт*сағ;

14) "Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17956 болып тіркелген) сәйкес электр энергиясына шекті тарифтің ең жоғары шамасын негізге ала отырып айқындалған цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттықтың бағасы;

15) Қазақстан Республикасында электр энергиясын тұтыну мен өндірудің тиісті көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалатын электр энергиясы импортының өткен жылдың айларындағы нақты орташа көлемдерін ескере отырып, шектес елдерден электр энергиясы импортының болжамды бағалары негізінде есеп айырысуды жүргізу айының 1-күніндегі бағам бойынша теңгемен/кВт*сағатына айырбасталған импорттық электр энергиясының құны.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған есептік бағаның өлшем бірлігі теңге/кВт*сағ (жүзге дейін дөңгелектенеді) болып табылады, ҚҚС-сыз.

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
5-қосымша

Үлгілік нысан

Бірыңғай сатып алушының электр энергиясын энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға және электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы цифрлық майнерлерге сату шарты № _____

_____ 20__ жыл

(шарттың жасалған жері)

—

(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және

→

(ұйымның толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

ететін, негізінде әрекет

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе "Тараптар", жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидасы) ескере отырып, осы электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға және электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы цифрлық майнерлерге сату туралы төмендегілер туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп айырысу кезеңі – Шартта есеп айырысу жүргізілетін күнтізбелік бір айға тең айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00-ге дейін уақыт кезеңі ретінде айқындалған, оның нәтижелері бойынша электр энергиясының көлемдерін сатып алу-сату есептері жүргізілетін кезең;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды,

сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

3) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00:00-де басталатын және сағат 24:00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

4) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер және сатуға өнімідер беруіне, электр энергиясының өндіру-тұтынудың тәуліктің графигін қалыптастыруға, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, бекітілген тәуліктік графикке жүйелік оператормен келісілген түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыруға, электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін есептеуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағат сайынғы бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағат сайынғы бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

5) цифрлық майнер – қызметін цифрлық майнинг бойынша жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе жеке кәсіпкер;

6) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

8) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің операциялық тәуліктеріне электр энергиясын өндірудің және тұтынудың жоспарлы сағат сайынғы шамаларын көрсететін жүйелік оператор әзірлейтін және бекітетін құжат.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шартқа сәйкес Сатып алушы техникалық сараптаманы ескере отырып, жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының жоспарлы көлемін Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес айқындалатын бағалар бойынша Сатушыдан сатып алады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Сатушы:

1) Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес Сатып алушыға электр энергиясының жоспарлы көлемін сатуды жүзеге асыруға;

2) ай сайын есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат не өзге де бастапқы құжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат не өзге де бастапқы құжат тиісті есепке алу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік графиктерінің және Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес есептелген бағалардың негізінде сағаттар бойынша бөле отырып ресімделеді;

3) Сатып алушы қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа не өзге де бастапқы құжатқа қол қоймаған жағдайда, Сатушының тиісті есеп айырысу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік графиктерін және Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес есептелген бағаларды, шот-фактураларды ұсынуы үшін негіз деп есептеуге;

4) жарты жылда кемінде бір рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруге;

5) Сатып алушыға өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабарлауға;

6) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

4. Сатып алушы:

1) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатушыдан электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алуды жүзеге асыруға;

2) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес оны жүйелік оператор бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізу үшін сатып алуға өтінімді ақша қаражатымен қамтамасыз етуге;

3) күн сайын сағат 08:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне сатып алуға өтінім енгізуге және оған Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюға міндетті.

Бұл ретте цифрлық майнерлермен сатып алуға өтінімдер Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес орталықтандырылған сауда нарығы операторының сауда жүйесінде беріледі;

4) жыл сайын 1 қазанға дейін Сатушыға айлар бойынша бөле отырып, алдағы жылға арналған электр энергиясын тұтынудың болжамды көлемдері туралы ақпаратты жіберуге;

5) қорларды бөгде тарапқа жіберуге жүкқұжатқа не өзге бастапқы құжатқа қол қоймаған жағдайда, осы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып, жазбаша өтініш беруге;

6) осы Шарттың 7-тармағына сәйкес электр энергиясын жоспарлы сатып алу көлемі үшін Сатушыға есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей ақы төлеуге;

7) жарты жылда кемінде бір рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруге;

8) Сатушыны өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

9) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

5. Сатушы:

1) Сатып алушыдан Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

6. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

4. Тараптар арасында өзара есеп айырысу

7. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін Сатып алушы Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес электр энергиясының сатып алынған көлемі үшін нақты төлем жүргізеді.

8. Есеп айырысу кезеңі үшін Сатып алушының осы кезеңнің сағатына өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін Сатушының атына төленетін төлемнің нақты көлемі Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін тиісті алдын ала төлемінің мәнінен асып

кеткен кезде, онда осы айырманы Сатып алушы ақша қаражаты түрінде Сатушының есеп айырысу банк шотына есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың соңына дейін енгізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген айырма төлемі есеп айырысудан кейінгі айдың соңына дейін болмаған жағдайда, осы айырма сомасы қолда бар алдын ала төлем есебінен өтеледі.

Егер осы кезеңде өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін Сатушының атына Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін нақты төлем көлемі Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін тиісті алдын ала төлемінің мәнінен аз болса, онда бұл айырмашылық Сатып алушының қалауы бойынша оған қайтарылатын не келесі тәулікте оның алдын ала төлемінің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылатын осы есеп айырысу кезеңі үшін Сатып алушының артық төлемі ретінде қабылданады.

Осы тармақтың шарттары электр энергиясын кепілдік беруші болып табылатын Сатып алушыға қолданылмайды.

9. Нақты төлемді Сатып алушы Сатушы ұсынған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың немесе өзге де бастапқы құжаттың және тиісті есеп айырысу кезеңінің әрбір сағатына нақты базалық бағалар бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін тиісті шот-фактураның негізінде жүргізеді.

10. Сандық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын Сатып алушы үшін нақты төлем осы субъектінің осы сағатына арналған майнингтік баға бойынша жүргізіледі.

11. Атаулы қолдау алушылардың тізіміне енгізілген Сатып алушы үшін нақты төлем атаулы қолдау алушылардың тізіміне енгізілген осы субъект үшін осы сағатқа көрсетілген электр энергиясын сатып алуға арналған баға бойынша жүргізіледі.

5. Тараптардың жауапкершілігі

12. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талабы бойынша оған мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ осы Шарттың 7-тармағына сәйкес мерзімі өткен соманың 10 % (он пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

13. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

14. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

15. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделеді.

6. Дауларды шешу

16. Тараптардың осы Шартқа жататын міндеттемелерін орындауы кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар дауды реттеу үшін келіссөздер арқылы шешуге күш салады.

17. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

18. Даулы жағдайларда жүйелік оператор беретін, Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

19. Егер Тараптардың бірінің екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде негізделген талаптары болса, онда мұндай Тарап наразылықтың мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап наразылықты алған күннен бастап бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не ескертулерді жою мерзімін наразылықты жіберген Тараппен келісуге тиіс.

20. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

21. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де мәселелерге байланысты барлық даулар Сатушының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (жемқорлыққа қарсы ескертпе)

22. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

23. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, жұмыскерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлемеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қабылдауға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

24. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Форс-мажорлық жағдайлар

25. Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажорлық жағдай нәтижелері болып табылатын болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

26. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың қате есептеуіне немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

27. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

9. Шарттың қолданылу мерзімі

28. Осы Шарт 20 _____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

29. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шарттың тоқтатылғаны туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады.

10. Шартты өзгерту және тоқтату талаптары

30. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы өзгертіледі.

31. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылуы және Сатып алушының Сатушының алдында берешегі болмауы;

2) Сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуын тоқтатуы және Сатып алушының жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісті алынып тастауы және Сатып алушының Сатушының алдындағы берешегі болмауы жағдайында тоқтатылады.

11. Қорытынды ережелер

32. Осы Шарт бірдей заңды күші бар қағаз жеткізгіште қазақ және орыс тілдерінде екі данада не электрондық түрде жасалады.

33. Осы Шарт Астана қаласында жасалды және Сатушы оны жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері және қолы

Сатушы	Сатып алушы
--------	-------------

_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекенжайы: _____	Заңды мекенжайы: _____
Нақты мекенжайы: _____	Нақты мекенжайы: _____
Телефон/факс: _____	Телефон/факс: _____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____	Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____
Банктік сәйкестендіру коды: _____	Банктік сәйкестендіру коды: _____
Жеке сәйкестендіру коды: _____	Жеке сәйкестендіру коды: _____
_____	_____
(банктің атауы)	(банктің атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))	(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
м.о. (болған жағдайда)	м.о. (болған жағдайда)

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
6-қосымша

Үлгілік нысан

Бірыңғай сатып алушының құрамына жылу электр орталықтары кіретін және/немесе электр қуаты нарығында ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу шарты № _____

_____ 20 _____ жыл _____
(шарттың жасалған жері)

(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)
бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және _____

(ұйымның толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе "Тараптар", жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары) ескере отырып, осы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының құрамына жылу электр орталықтары кіретін және/немесе электр энергиясының электр қуаты нарығында төмендегілер туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдардан сатып алу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп айырысу кезеңі – Шартта есеп айырысу жүргізілетін күнтізбелік бір айға тең айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00-ге дейін уақыт кезеңі ретінде айқындалған, оның нәтижелері бойынша электр энергиясының көлемдерін сатып алу-сату есептері жүргізілетін кезең;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

3) Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі – нақты теңгерім) –

жүйелік оператор жасаған, есеп айырысу кезеңінде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін құжат;

4) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00:00-де басталатын және сағат 24:00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

5) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер және сатуға өнімдер беруіне, электр энергиясының өндіру-тұтынудың тәуліктің графигін қалыптастыруға, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, бекітілген тәуліктік графикке жүйелік оператормен келісілген түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыруға, электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін есептеуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағат сайынғы бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағат сайынғы бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

6) электр энергиясына арналған шекті тариф – уәкілетті орган әрбір жеті жыл сайын бекітетін, электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізілген энергия өндіруші ұйым өндіретін электр энергиясы құнының электр энергиясын өндіруге арналған шығындардан және уәкілетті орган белгілеген әдістеме бойынша айқындалатын пайда нормасынан тұратын ақшалай мәні;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

8) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері - энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

9) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің операциялық тәуліктеріне электр энергиясын

өндірудің және тұтынудың жоспарлы сағат сайынғы шамаларын көрсететін жүйелік оператор әзірлейтін және бекітетін құжат.

10) энергия өндіруші ұйым – электр және (немесе) жылу энергиясын өз қажеттіліктері және (немесе) Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр және (немесе) жылу энергиясының жеке тұтынушылары мен электр энергиясының нетто-тұтынушылары болып табылатын осындай тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

11) энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясының босату бағасы – уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген оның электр энергиясына шекті тарифінен аспайтын, электр энергиясын өткізетін, энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын арналған шекті тарифінен аспайтын электр энергиясын сату бағасы;

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шартқа сәйкес Сатушы жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығында Сатушы мәлімдеген электр энергиясын өткізеді, ал Сатып алушы көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес айқындалатын бағалар бойынша Сатушыдан жүйелік оператордың электр энергиясын желіге жоспарлы жіберу көлемінде (өз тұтынуын шегергенде) сатып алады.

3. Электр энергиясының көлемін есепке алу

3. Электр энергиясын жоспарлы сату көлемін есепке алу Сатушы берген, Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген өтінімдер негізінде жүргізіледі.

4. Даулы жағдайларда жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5. Сатушы:

1) күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 08:00-ге дейін операциялық соққылардың Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелі түрде бекітілетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізу үшін, операциялық тәулікке теңгерімдеуші нарық жүйесіне сатуға өтінім беруге;

2) Заңның 9-4-бабының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өндірілетін электр энергиясының барлық мәлімделген көлемін Сатып алушыға ғана сатуды жүзеге асыруға;

3) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын сағаттық мөлшерлемелерді ескере отырып, электр энергиясына тиісті шекті тарифтен аспайтын бағалар бойынша электр энергиясын өткізуді жүзеге асыруға міндетті.

Заңның 15-4, 15-6, 15-8 және 15-9-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы электр қуаты нарығында ұзақ мерзімді шарттар жасасқан және құрамына жылу электр орталықтары кірмейтін энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тариф электр қуаты нарығындағы ұзақ мерзімді шарттар бойынша шарттық көлемнен аспайтын мәлімделген көлемге қолданылады.

4) ай сайын есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған бөгде тарапқа қорларды жіберуге арналған жүкқұжаттың не өзге бастапқы құжаттың негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Тарапқа қорларды жіберуге арналған жүкқұжат не өзге бастапқы құжат тиісті есеп айырысу кезеңі мен баға үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік графиктеріне және Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес есептелген сағат бойынша бөле отырып ресімделеді.

5) жарты жылда 1 реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстырып тексеру жүргізуге;

6) жыл сайын 1 (бірінші) қазанға дейін алдағы жылға айлар бойынша бөле отырып, электр энергиясы желісіне өндіру, жіберудің болжамды көлемі туралы ақпаратты жіберуге;

7) осы Шарт өз бастамасы бойынша бұзылған кезде Сатып алушыны бұзудың болжамды күніне дейін бір ай бұрын жазбаша хабардар етуге;

8) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

9) объектіні коммерциялық пайдалану басталғанға дейін өз объектісінде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (ЭКЕАЖ) жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ-да жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді қашықтықтан беру мүмкіндігі болуы тиіс;

10) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын өндірудің тәуліктік графиктерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) Сатып алушыны Сатушының бірігуі, банкроттығы немесе таратылуы туралы дереу хабардар етуге;

12) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

6. Сатып алушы:

1) Заңның 19-1-бабының 4-тармағына сәйкес тәртіппен жүйелік оператордың техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін жабу үшін электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Осы тармақшада көрсетілген электр энергиясын сатып алу Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Сатушы қорларды бөгде тарапқа жіберуге жүкқұжатқа немесе өзге бастапқы құжатқа қол қоймаған кезде, осы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып жазбаша арыз беруге;

3) Сатушыға жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың алдағы тәуліктерге арналған тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының көлемін осы Шарттың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

4) жарты жылда кемінде 1 рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

5) Сатушыны өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

6) Сатып алушыны Сатушының бірігуі, банкроттығы немесе таратылуы туралы дереу хабардар етуге;

7) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

7. Сатушы:

1) Сатып алушыдан Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін жабу үшін Сатып алушыдан сатылған электр энергиясы үшін ақы төлеуді талап етуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге;

4) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге міндетті.

8. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) егер Тараптар арасындағы электр энергиясын жеткізу айында жеткізілген көлемі туралы келіспеушіліктерді реттеу қорытындылары бойынша Сатып алушының Сатушыға артық соманы төлеу фактісі анықталса, Сатушыға тиесілі сомандан артық төлем сомасын болашақтағы төлемдерде ұстауға;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес Сатушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге;

4) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

5. Электр энергиясына ақы төлеу

9. Операциялық тәуліктерге Сатушы Сатып алушыға сатқан электр энергиясы үшін төлемді жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигін бекіткеннен кейін, бірақ операциялық тәуліктің сағат 12:00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей Сатып алушы тәулік сайын Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес айқындалатын, Сатып алушыға электр энергиясын сатуға Сатушының алдағы тәуліктер үшін айқындалған сағаттық бағаларының негізінде (Қазақстан Республикасында демалыс және мереке күндерінен басқа) жүзеге асырады.

10. Сатылған электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысуды Сатып алушы Сатушы ұсынған және Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың не өзге бастапқы құжаттың және тиісті шот-фактураның негізінде жүргізеді.

11. Осы Шарттың 10-тармағында көрсетілген төлемді Сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) барлық тәулігіне жиынтық түрде есеп айырысу кезеңіне (күнтізбелік айға) жататын электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графиктерінің жүйелік операторы бекіткен түзетулерді ескере отырып жүзеге асырады.

12. Егер Сатып алушы ұсынылған шот-фактураның дұрыстығына дау айтса, ол Сатушыны оны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабардар етеді және Сатушыға қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Сатып алушы осы Шарттың 11-тармағына сәйкес шот-фактураның дау айтылмаған бөлігін төлеуге міндетті.

13. Алдыңғы есеп айырысу кезеңдері үшін берешек болған кезде төлем бірінші кезекте осы Шарттың 11-тармағына сәйкес берешекті қоспағанда, осы берешекті өтеуге жіберіледі.

Есеп айырысу кезеңінің қорытындылары бойынша Сатушы өткізген электр энергиясы үшін Сатып алушының артық төлем сомасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлемі ретінде қабылданады.

14. Сатып алушының ақы төлеуі осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша Сатушының ағымдағы шотына тиісті ақша көлемін есептеу арқылы жүзеге асырылады.

15. Шот-фактураны Сатушы Сатып алушыға тиісті есеп айырысу кезеңі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей ұсынады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

16. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

17. Ұсынылған шот-фактура бойынша төлемді алмаған сатушы ол бойынша төлем мерзімі басталған сәтте төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Сатып

алушыларға төленбеген сомалар бойынша тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Сатушы мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ мерзімі өткен соманың 10 % (он) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

18. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

19. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

20. Сатып алушы электр энергиясын диспетчерлендіруге, беруге және бөлуге байланысты үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (жемқорлыққа қарсы ескертпе)

21. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

22. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, жұмыскерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлемеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қолдануға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

23. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Форс-мажорлық жағдайлар

24. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер ол форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, жауапты болмайды.

25. Осы Шартты орындауға кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, оларды есептеуге немесе ұқыпсыздыққа байланысты емес және күтпеген сипаты бар оқиға форс-мажорлық жағдай деп танылады.

26. Қандай да бір себеппен Сатып алушыда жеткілікті мөлшерде ақшаның болмауы форс-мажорлық жағдай болып табылмайды және Сатып алушыны төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

27. Форс-мажорлық мән-жайлардың әрекетіне ұшыраған Тарап форс-мажорлық мән-жайлардың сипатын, туындау себептерін және олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, олар туындаған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

9. Дауларды шешу

28. Тараптардың осы Шартқа жататын міндеттемелерін орындауы кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар дауды реттеу үшін келіссөздер арқылы шешуге күш салады.

29. Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

30. Егер Тараптардың бірінің екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде негізделген талаптары болса, онда мұндай Тарап шағымның мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап шағымды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не шағымды жіберген Тараппен ескертулерді жою мерзімін келісуге тиіс.

31. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

32. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де мәселелерге байланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

33. Осы Шарт 20 _____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

34. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шарттың тоқтатылғаны туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады.

11. Шартты өзгерту және тоқтату талаптары

35. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы өзгертіледі.

36. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылған жағдайда және Сатып алушының Сатушының алдында берешегі болмаған;

2) Сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуын тоқтатуы және Сатып алушының жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісті алынып тастауы және Сатып алушының Сатушының алдындағы берешегі болмаған жағдайда тоқтатылады.

12. Қорытынғы ережелер

37. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды.

38. Тараптар арасындағы барлық хат алмасу жазбаша түрде қағаз жеткізгіште хат жіберу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

39. Осы Шарт бірдей заңды күші бар қағаз жеткізгіште қазақ және орыс тілдерінде екі данада немесе электрондық түрде жасалады.

40. Осы Шарт Астана қаласында жасалды және Сатып алушы оны жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

13. Тараптардың деректемелері мен қолы

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекенжайы:	Заңды мекенжайы: _____
_____	_____
Нақты мекенжайы:	Нақты мекенжайы:
_____	_____
Телефон/факс:	Телефон/факс:
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Бизнес сәйкестендіру нөмірі:
_____	_____
Банктік сәйкестендіру коды:	Банктік сәйкестендіру коды:
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды:	Жеке сәйкестендіру коды:
_____	_____
_____	_____
(банктің атауы)	(банктің атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))	(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
м.о. (болған жағдайда)	м.о. (болған жағдайда)

Электр энергиясының
көтерме сауда нарығының
жұмыс істеуі мен ұйымдастыру
қағидаларына
7-қосымша

№ _____ Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындылары бойынша бірыңғай сатып алушының энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу шарты

_____ 20__ жыл _____

(шарттың жасалған жері)

_____ ,
(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және _____

—
_____ ,

(ұйымның толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе "Тараптар", жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары) ескере отырып, осы электр энергиясын бірыңғай сатып

алушының құрамына жылу электр орталықтары кіретін және/немесе электр энергиясының электр қуаты нарығында төмендегілер туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдардан сатып алу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп айырысу кезеңі – Шартта есеп айырысу жүргізілетін күнтізбелік бір айға тең айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00-ге дейін уақыт кезеңі ретінде айқындалған, оның нәтижелері бойынша электр энергиясының көлемдерін сатып алу-сату есептері жүргізілетін кезең;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

3) Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі – нақты теңгерім) – жүйелік оператор жасаған, есеп айырысу кезеңінде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін құжат;

4) мәміле бағасы – энергия өндіруші ұйымдарға арналған орталықтандырылған сауда-саттықтың барысында айқындалған электр энергиясының бағасы; 5) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00:00-де басталатын және сағат 24:00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

б) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер және сатуға өнімідер беруіне, электр энергиясының өндіру-тұтынудың тәуліктің графигін қалыптастыруға, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, бекітілген тәуліктік графикке жүйелік оператормен келісілген түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыруға, электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін есептеуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағат сайынғы бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағат сайынғы бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері - энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

8) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің операциялық тәуліктеріне электр энергиясын өндірудің және тұтынудың жоспарлы сағат сайынғы шамаларын көрсететін жүйелік оператор әзірлейтін және бекітетін құжат;

9) энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

10) энергия өндіруші ұйым – электр және (немесе) жылу энергиясын өз қажеттіліктері және (немесе) Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр және (немесе) жылу энергиясының жеке тұтынушылары мен электр энергиясының нетто-тұтынушылары болып табылатын осындай тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

11) энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясының босату бағасы – уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген оның электр энергиясына шекті тарифінен аспайтын, электр энергиясын өткізетін, энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын арналған шекті тарифінен аспайтын электр энергиясын сату бағасы.

12) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы – электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері қатысатын, орталықтандырылған сауда операторы жүргізетін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шартқа сәйкес Сатушы Сатушы мәлімдеген электр энергиясын жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығында оны желіге жоспарлы жіберу көлемінде (өз тұтынуын шегере отырып) Сатушыдан мәміле бағасы бойынша сатып алады.

3. Электр энергиясының көлемін есепке алу

3. Электр энергиясын жоспарлы сату көлемін есепке алу Сатушы берген, Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген сатуға өтінімдер негізінде жүргізіледі.

4. Даулы жағдайларда жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5. Сатушы:

1) күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 08:00-ге дейін операциялық соққылардың Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелі түрде бекітілетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізу үшін, операциялық тәулікке теңгерімдеуші нарық жүйесіне сатуға өтінім беруге;

2) Заңның 9-4-бабының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өндірілетін электр энергиясының барлық мәлімделген көлемін Сатып алушыға ғана сатуды жүзеге асыруға;

3) Көтерме сауда нарығы қағидаларымен айқындалған сағаттық мөлшерлемелерді ескере отырып, электр энергиясына тиісті шекті тарифтен аспайтын бағалар бойынша электр энергиясын өткізуді жүзеге асыруға;

4) ай сайын есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың не өзге де бастапқы құжаттың негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат не өзге де бастапқы құжат тиісті есеп айырысу кезеңі мен баға үшін үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік графигіне және Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес есептелген бағалардың сағат бойынша бөле отырып ресімделеді;

5) жарты жылда 1 реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстыру жүргізуге;

6) жыл сайын, 1 (бірінші) қазанға дейін алдағы жылға айлар бойынша бөле отырып, электр энергиясы желісіне өндіру, жіберудің болжамды көлемі туралы ақпаратты жіберуге;

7) осы Шарт өз бастамасы бойынша бұзылған кезде Сатып алушыны бұзудың болжамды күніне дейін бір ай бұрын жазбаша хабардар етуге;

8) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

9) объектіні коммерциялық пайдалану басталғанға дейін өз объектісінде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (ЭКЕАЖ)

жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ-да жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді қашықтықтан беру мүмкіндігі болуы тиіс;

10) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын өндірудің тәуліктік гафиктерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) Сатып алушыны Сатушының бірігуі, банкроттығы немесе таратылуы туралы дереу хабардар етуге;

12) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

6. Сатып алушы:

1) Заңның 19-1-бабының 4-тармағына сәйкес тәртіппен жүйелік оператордың техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін жабу үшін электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыруға құқылы. Осы тармақшада көрсетілген электр энергиясын сатып алу Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Сатушы қорларды бөгде тарапқа жіберуге жүкқұжатқа немесе өзге бастапқы құжатқа қол қоймаған кезде, осы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып жазбаша арыз беруге;

3) Сатушыға электр энергиясының мәлімделген көлемін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың алдағы тәуліктерге арналған тәуліктік графигінде осы Шарттың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде төлеуге; Сатушыға жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың алдағы тәуліктерге арналған тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының көлемін осы Шарттың 10 және 11-тармақтарында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

4) жарты жылда кемінде 1 рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

5) Сатушыны өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

6) Сатып алушының бірігуі, банкроттығы немесе таратылуы туралы Сатушыны дереу хабардар етуге;

7) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

7. Сатушы:

1) Сатып алушыдан Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін жабу үшін Сатып алушыдан сатылған электр энергиясы үшін ақы төлеуді талап етуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы;

4) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

8. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) егер Тараптар арасындағы электр энергиясын жеткізу айында жеткізілген көлемі туралы келіспеушіліктерді реттеу қорытындылары бойынша Сатып алушының Сатушыға артық соманы төлеу фактісі анықталса, Сатушыға тиесілі сомадан артық төлем сомасын болашақтағы төлемдерде ұстап қалууға;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес Сатушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге;

4) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

5. Электр энергиясына ақы төлеу

9. Операциялық тәуліктерге Сатушы Сатып алушыға сатқан электр энергиясы үшін төлемді жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигін бекіткеннен кейін, бірақ операциялық тәуліктің сағат 12:00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей Сатып алушы тәулік сайын Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес айқындалатын, Сатып алушыға электр энергиясын сатуға Сатушының алдағы тәуліктер үшін айқындалған сағаттық бағаларының негізінде (Қазақстан Республикасында демалыс және мереке күндерінен басқа) жүзеге асырады.

10. Сатылған электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысуды Сатып алушы Сатушы ұсынған және Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың не өзге бастапқы құжаттың және тиісті шот-фактураның негізінде жүргізеді.

11. Осы Шарттың 10-тармағында көрсетілген төлемді Сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың күнтізбелік 45 (қырық бес) күні ішінде есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) барлық тәулігіне жиынтық түрде есеп айырысу кезеңіне (күнтізбелік айға) жататын электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графиктерінің жүйелік операторы бекіткен түзетулерді ескере отырып жүзеге асырады.

12. Егер Сатып алушы ұсынылған шот-фактураның дұрыстығына дау айтса ол Сатушыны оны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабардар етеді және Сатушыға қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Сатып алушы осы Шарттың 11-тармағына сәйкес шот-фактураның дау айтылмаған бөлігін төлеуге міндетті.

13. Алдыңғы есеп айырысу кезеңдері үшін берешек болған кезде төлем бірінші кезекте осы Шарттың 11-тармағына сәйкес берешекті қоспағанда, осы берешекті өтеуге жіберіледі.

Есеп айырысу кезеңінің қорытындылары бойынша Сатушы өткізген электр энергиясы үшін Сатып алушының артық төлеу сомасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлемі ретінде қабылданады.

14. Сатып алушының ақы төлеуі осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша Сатушының ағымдағы шотына тиісті ақша көлемін есептеу арқылы жүзеге асырылады.

15. Шот-фактураны Сатушы Сатып алушыға тиісті есеп айырысу кезеңі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей ұсынады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

16. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

17. Ұсынылған шот-фактура бойынша төлемді алмаған сатушы ол бойынша төлем мерзімі басталған сәтте төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Сатып алушыларға төленбеген сомалар бойынша тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Сатушы мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ мерзімі өткен соманың 10% (он) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

18. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

19. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

20. Сатып алушы электр энергиясын диспетчерлендіруге, беруге және бөлуге байланысты үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (жемқорлыққа қарсы ескертпе)

21. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

22. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлемеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қолдануға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

23. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Форс-мажорлық жағдайлар

24. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер ол форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, жауапты болмайды.

25. Осы Шартты орындауға кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, оларды есептеуге немесе ұқыпсыздыққа байланысты емес және күтпеген сипаты бар оқиға форс-мажорлық жағдай деп танылады.

26. Қандай да бір себеппен Сатып алушыда жеткілікті мөлшерде ақшаның болмауы форс-мажорлық жағдай болып табылмайды және Сатып алушыны төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

27. Форс-мажорлық мән-жайлардың әрекетіне ұшыраған Тарап форс-мажорлық мән-жайлардың сипатын, туындау себептерін және олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, олар туындаған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

9. Дауларды шешу

28. Тараптардың осы Шартқа жататын міндеттемелерін орындауы кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар дауды ретету үшін келіссөздер арқылы шешуге күш салады.

29. Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

30. Егер Тараптардың бірінің екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде негізделген талаптары болса, онда мұндай Тарап шағымның мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап шағымды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не шағымды жіберген Тараппен ескертулерді жою мерзімін келісуге тиіс.

31. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

32. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де

мәселелерге байланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

33. Осы Шарт 20 _____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

34. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шарттың тоқтатылғаны туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады.

11. Шартты өзгерту және тоқтату талаптары

35. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы өзгертіледі.

36. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылған жағдайда және Сатып алушының Сатушының алдында берешегі болмаған жағдайда;

2) Сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуын тоқтатуы және Сатып алушының жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісті алынып тастауы және Сатып алушының Сатушының алдындағы берешегі болмаған жағдайда тоқтатылады .

12. Қорытынды ережелер

37. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды.

38. Тараптар арасындағы барлық хат алмасу жазбаша түрде қағаз жеткізгіште хат жіберу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

39. Осы Шарт бірдей заңды күші бар қағаз жеткізгіште қазақ және орыс тілдерінде екі данада немесе электрондық түрде жасалады.

40. Осы Шарт Астана қаласында жасалды және Сатып алушы оны жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

13. Тараптардың деректемелері мен қолы

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекенжайы: _____	Заңды мекенжайы: _____
Нақты мекенжайы: _____	Нақты мекенжайы: _____
Телефон/факс: _____	Телефон/факс: _____
_____	_____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____	Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____
Банктік сәйкестендіру коды: _____	Банктік сәйкестендіру коды: _____
Жеке сәйкестендіру коды: _____	Жеке сәйкестендіру коды: _____
_____	_____
(банктің атауы)	(банктің атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))	(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
м.о. (болған жағдайда)	м.о. (болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК